В одном из отчетов говорилось: «Забота районных организаций, сводится, главным образом, к укомплектованию ферм, к заготовке грубых кормов, уже в меньшей мере к воспроизводству и сокращению. Упускается главное теперь звено – повседневная, конкретная работа по закреплению и переподготовке животноводческих кадров, по животноводческому строительству, по правильной организации труда и учета на фермах, по организации настойчивой борьбы за рост продуктивности всех отраслей животноводства. В результате этого, несмотря на значительный рост общественного животноводства в колхозах, эта отрасль колхозного хозяйства остается на недопустимо низком уровне, и колхозы ежегодно недополучают значительной части продукции и доходов от этой отрасли.»

В плане на 1941-42 гг. даются не только показатели количественного роста поголовья, но и заостряется задача организационно-хозяйственного укрепления ферм, роста продуктивности животноводства, что должно стать теперь важнейшей задачей [2].

22 июня 1941 года началась Великая Отечественная война советского народа против немецко-фашистских завоевателей. Актюбинская область, как и все другие области СССР, вступили в новую эпоху. Теперь первоочередной задачей стало создание сильной военной промышленности и повышения производства всех видов продукции для обеспечения нужд фронта и тыла. Как отмечалось в докладе «О работе советских органов для обороны страны» на 7 сессии Областного совета депутатов: «Немецкие фашисты, ограбив ряд стран Западной Европы, поработив народы этих стран, бросили свои отряды против свободолюбивого народа нашей Великой Родины... Товарищ Сталин подчеркивал в своем выступлении 3 июля 1941 года, что дело идет, таким образом, о жизни и смерти Советского государства, о том, быть народам Советского Союза свободными или впасть в порабощение... В своем докладе 6 ноября тов. Сталин еще раз подчеркнул, что наша первая цель состоит в том, чтобы освободить наши территории и наши народы от немецко-фашистского ига» [3].

Борьба с фашизмом поставила новые задачи перед областью. Важнейшей задачей стало обеспечение нужд армии, подготовка специалистов военного дела, снабжение военных отрядов всем необходимым, проведение мобилизации военнообязанных на фронт, а также забота о развитии сельского хозяйства и промышленности.





Принимались меры по оборонным вопросам, обеспечению защиты населенных пунктов и промышленных предприятий от возможной бомбардировки вражескими самолетами. В распоряжении по Исполкому Актюбинского областного Совета депутатов от 13.11.1941 г. указывалось: «Для успешной обороны от воздушного нападения врага, каждый гражданин должен знать, как бороться с последствиями бомбардировок вражеских самолетов. Подготовка населения к ПВХО имеет особо важное оборонное значение, чего многие председатели исполкомов городских и районных депутатов не поняли. В г. Актюбинске из плана 34 428 чел, подготовлено

9 394 чел или 26%, в Хобдинском районе – план 16 872, подготовлено

4 132 – 20,1%, в Мартукском - из 19 608 подготовлено 4 365 – 20,2%; в Степном – из 9 120 чел., подготовлено 1 978 – 20,1%; в Уилском – из плана

15 048 чел. подготовлено 3 129 – 20%. Такое же положение в Джурунском, Байганинском, Родниковском, Карабутаком, Новороссийском и других районах. »[4]

Исключительно плохо обстояло дело с подготовкой инструкторов начальствующего состава, групп самозащиты. Исполком Облсовета депутатов трудящихся считает такое положение нетерпимым:

«1.Обязываем под личную ответственность председателей исполкомов районных и городских Советов депутатов трудящихся немедленно принять меры, обеспечивающие в ближайшие дни подготовку и сдачу норм населения по ПВХО.

2.Предлагаем коренным образом улучшить работу организованных курсов по подготовке инструкторов и начальствующего состава ПВХО.

3.Категорически требуем безоговорочного выполнения постановления Совнаркома и нашего указания по вопросу организации групп самозащиты.

4.Предлагаем на основе постановления Совнаркома Казахской ССР обеспечить регулярно представление ежедневных отчетов по ПВХО в установленные сроки Исполкомом облсовета.

Предупреждаем, что если в ближайшее время не выполнится решение правительства по вышеуказанным вопросам, Исполком облсовета будет вынужден к конкретным виновникам применить строжайшие меры наказания по законам военного времени.»[5]

Таким образом, переход к военному времени был сопряжен с большим количеством трудностей, что было выражено сложным характером создания прочной дисциплины в области, о чем упоминается в вышеназванном документе. Время, связанное с периодом Великой Отечественной войны требовало быстрых, инициативных решений, принимаемых в короткие сроки, что отражало наличие системы общественной безопасности. Сильная власть всегда должна добиваться того, чтобы местные органы власти

работали целенаправленно и в точности выполняли указания, тем более в такую ответственную эпоху, как Великая Отечественная война.



Темирский райком КП Казахстана Р.Г.Т. Шубаркудук Актюбинской области 14.02.1937 года, руководствуясь и выполняя указание члена Политбюро ЦК КПСС, первого секретаря ЦК КПК товарища Беляева М.Р., обсудил на заседании бюро с участием всех директоров, секретарей парткомов вопрос о неудовлетворительном состоянии сохранности поголовья скота.

В результате рассмотрения вопроса за безответственное отношение к своим служебным обязанностям, приведшие к кожным заболеваниям и большому падежу скота, содержание большого поголовья личного скота в совхозах, совхозных отарах без оплаты стоимости содержания, главный ветеринарный врач Темирского межрайонного округа - объединения Бердигалиев О., главный зоотехник Сарсенбаев К. были освобождены от занимаемых должностей. Оба позднее были репрессированы.

Секретарю парткома Конерову Ш., главному инженеру-заместителю директора по производственной части Каметову Х. были объявлены выговоры. Через четыре дня Конеров Ш. был арестован сотрудниками НКВД, и затем его дальнейшая судьба не известна. [6]

Чабаны, халатно - преступно относившиеся к работе, допустившие падеж скота, были привлечены к уголовной ответственности. В спецобъединении восстановлено натурой 27 голов крупнорогатого скота. Неудовлетворительная работа по обеспечению сохранности крупнорогатого скота была в совхозе имени Ленина, сложным был вопрос сохранности овец в «Октябрьском». Колхоз имени Джамбула является небольшим, хроническим убыточным хозяйством. Задолженность на 1 июля 1938 года составила более 1 миллиона рублей, колхоз испытывал большой недостаток рабочей силы, наблюдалась текучесть кадров из-за отсутствия школы и других культурно-бытовых объектов.

«Постановление 03.11.1938 года» считает необходимым обязать Карабутацкий РИК и обл.ЗУ в декадный срок оформить организацию сельскохозяйственных артелей, оказав необходимую помощь колхозам в организации их внутреннего устройства в качестве материальной основы организуемых сельскохозяйственных артелей, в соответствии с решением Казахского правительства передать по балансовой стоимости из ликвидируемого Ярмухамедовского совхоза: 2 500 голов продуктивного скота, в том числе 893 дойных коров в индивидуальное пользование переселенцам, корейским хозяйствам в Карабутацкий и Новороссийские районы; 90 рабочих лошадей, 49 рабочих верблюдов, 50 голов рабочих быков, в том числе 100 голов 1937 года рождения, 100 000 центнеров зерна, необходимого для содержания скота. Также предполагалось отдать для колхозного хозяйства жилье, служебные и производственные постройки с оборудованием (жилые дома, базы, склады, кузницы и так далее). Важным решением было о необходимости организации Карабутацким и Новороссийским РК



массового обучения колхозников элементарным основам зоотехнической деятельности и ухода за скотом, подготовки доярок.



Совет Народных Комиссаров ЦК КП (б) КАЗССР в этот период постановил: для оказания практической помощи областным организациям в устройстве переселенцев-корейцев командировать на село лучшие кадры.

Нельзя не отметить и фактор репрессий, серьезно затронувших сельское хозяйство. В результате беседы с отдельными коммунистами, а так же проведения партсобраний по обсуждению итога 7 Пленума Крайкома ВКП (б) выяснилось, что партучеба, хотя проводится регулярно, однако, качество учебы поставлено неудовлетворительно, отдельные коммунисты зачастую на партийную учебу являются неподготовленными. Халатное отношение к партучебе допускается директором Племхоза А. Успановым, а член ВКП (б) А. Мятёж, являющийся бригадиром тракторного отряда, учебу не посещает.

На заседании Актюбинского земельного отдела в марте 1937 года, например, рассматривался следующий вопрос: «Как только было опубликовано сообщение Прокуратуры СССР о раскрытии, разоблачения и предании суду контрреволюционного троцкистского «Параллельного центра», руководителем которого являлись Пятаков, Радек, Сокольников, Серебряков и другие, согласно решения Мосгоркома ВКП (б) 23.01.1937, были созваны все секретари парткомов. С ними были проведены 10-15 минутные беседы по поводу обсуждения материалов процесса на широких собраниях, митингах, рабочих и служащих, доведение до сознания каждого трудящегося о неслыханной подлой деятельности презренных «врагов народа», изменников Родины - Пятакова, Радека, Сокольникова, Серебрякова и других. Принято решение расстрелять выше перечисленных, решение было принято на всех проводимых митингах и собраниях. Далее, активный участник Алаш-Орды в Уилском районе, некто Дайлыбаев Тажимукан, который занимался вредительством - убоем скота, спекуляцией, кражей был приговорен к расстрелу. Окончательно разоблачена его алашординская антисоветская вредительская деятельность. В 1937 году он был арестован [7].

Таким образом, в условиях массовых репрессий, сельское хозяйство могло развиваться не столько по экономическим законам, сколько силой принуждения, арестами, расстрелами и другими насильственными акциями со стороны властей. Сельское хозяйство в данных условиях, при отсутствии заинтересованности работников в результатах своего труда, не могло прогрессировать, вследствие чего наступили серьезные кризисные явления, что наглядно подтвердилось после окончания войны.





Литература:

1. ГААО (Государственный архив Актюбинской области). Ф.13. Оп.11. Д. 258. Л.56.
2. ГААО (Государственный архив Актюбинской области). Ф.13. Оп.11. Д. 258.Л.59.
3. ГААО (Государственный архив Актюбинской области). Ф.13. Оп.11. Д. 258.Л. 78.
4. ГААО (Государственный архив Актюбинской области). Ф.13. Оп.11. Д. 55. Л. 51.
5. ГААО (Государственный архив Актюбинской области). Ф. 14. Оп. 1. Д. 21. Л. 129.
6. ГААО (Государственный архив Актюбинской области). Ф.13. Оп.11. Д. 23. Л.178.
7. ГААО (Государственный архив Актюбинской области). Ф. 13. Оп. 12. Д. 289. Л. 155.

ТҮЙІН

Мақалада Ұлы Отан соғысы кезінде және одан кейінгі кезеңдегі Ақтөбе облысындағы ауыл шаруашылығының хал-жағдайы жөнінде мәлімет беріледі. Бұл кезең жаппай репрессия уақыты болғандықтан, ауыл шаруашылығы экономикалық заңдарға сәйкес емес, өкімет тарапынан қудалау, күш қолдану сияқты шаралармен дамыған. Жұмысшылар өз еңбегінің нәтижелеріне қызығушылық білдіре алмады, сондықтан соғыстан кейінгі кезеңде ауыл шаруашылығы дағдарысқа ұшырады.

RESUME

This article informs about the conditions of agriculture in the Aktobe oblast during and after the World Patriotic War. This time was the time of mass punitive measures. That is why the agriculture developed not according to the economical principles, but with great pressing, violence and cruelty. Workers were not interested in the results of their work, and after the war there began great crisis in the development of the agriculture.





РСАЛИЕВА Ж.А.

АНАТОМИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕР ЖАСАЛУЫНЫҢ КОГНИТИВТІК-ПРАГМАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Кез келген ғылым саласын бейнелейтін терминдердің тілдік табиғатын тану үшін кешенді, жүйелі түрдегі зерттеу жұмысын жүргізу қажеттілігі қазіргі таңдағы тіл ғылымының жаңа бағыттарымен тығыз байланысты. Бұған бүкіл рухани қазынасын жинақтап сақтайтын ұлттық тілді халықтың тарихымен, мәдениетімен, ой танымымен, жан ілімімен бірлікте қарау мәселесі тіл ғылымында өзіндік өріс алып келе жатқан этнолингвистика, психоллингвистика, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвистикалық елтану ғылымдарының пайда болуына негіз болды. Бұл ғылымдардың тығыз қарым-қатынаста болуы тілдің құрылымдық, жұмсалымдық жүйесінің кешенді үлгілерін айқындауды мақсат етеді. Бұл жағдай қазіргі таңдағы мемлекеттік мәртебесіне сәйкес әлеуметтік, қоғамдық, коммуникативтік қызметі ерекше өзектелу үстіндегі қазақ тіліндегі терминологиялық жүйеге де тікелей қатысты. Осы орайда қазіргі кездегі қазақ тіл білімі метатілінің бір құрамдас бөлігі, жеке бір терминологиялық жүйе, жаңа ғылым саласы – аударматану терминологиясын даралап, когнитивтік-семантикалық құрылымын зерттеудің маңыздылығы өте зор.

Адамзат өзін қоршаған шындықты, әлемдегі сан алуан құбылыстарды санада қалыптастырып қана қоймайды, оған жауап қайырады, ақпаратты өзінше жаңғыртып, жаңа сапада қайта жасауға саналы-санасыз күйде талпыныс жасайды, өңдейді, қорытады, баға береді, тәжірибеде қолданады, бұлардың тұтас көрінісі ретінде ғаламның тілдік бейнесі жасалады. Осы қағидаға сәйкес терминдерді де адамның табиғи танымына белгілі деңгейде өлшем бола алатын когнитивтік құрылым ретінде арнайы қарастырамыз. Термин біздің зерттеуімізде субъектінің қабылдауы, ойлауы, танымы және практикалық әрекеті арқылы тілде тұтылған білімдердің байланысы, адам санасында ғаламның ғылыми бейнесіндегі ұйғарылған түсінігі ретінде анықталады. Сонымен қатар, бұл тектес зерттеулер тілдік құрылымды тереңдеп қарастыруды мақсат етеді, өйткені қазіргі кезде тілді антропоөзектік бағытта зертеу тілді «өз ішінде» ғана емес, тілден тыс, яғни, ақиқат шындықпен тығыз байланыста қарауды қажет етеді.

Когнитивтік лингвистика терминдерді зерттеуде жаңа бағыттарға жол ашады. Өйткені бұған дейінгі дәстүрлі семантикалық, жүйелі-құрылымдық парадигмалар жоққа шығарылмай, қайта керісінше, терминологиялық процестерді жаңа тұрғыдан зерттеп ұғынуға ұмтылыс жасайды. Когнитивтік лингвистика жалпы лингвистиканың аумағынан шыға отырып, философия,

психология, логика, әлеуметтану пәндерімен байланыс жасап, осы саладағы ғылымның ауқымын кеңейтеді.



Терминдер – өзіндік құрылымдық, семантикалық, деривациялық, функционалдық ерекшеліктері бар тілдің өзгеше категориясы. Аталған ерекшеліктерді ескерусіз термин жасау, басқа тілден терминдер алу, калькалау, терминдерді ұтымды қолдану мүмкін емес. Терминдер адам қызметінің ерекше түрін атап көрсететін болса, ең алдымен, ғылыми, кәсіби деңгейлерін айқындайды. Сондықтан терминдер ғылым мен техниканың, кәсіби және өндірістік салалардың, ғылыми таным мен әлем көрінісінің дамуын бейнелейді. Терминдер мен терминологиялық жүйелер қоғамның әлеуметтік құрылымының біртекті еместігін, әр түрлі топтарға, бірлестіктерге бөлініп, әрқайсысының өз тілі, өзіне ғана тән әрі түсінікті терминологиясы барлығын айқындайды. Термин тілдің ерекше негізін құрайды, себебі терминсіз, терминологиялық жүйесіз бірде-бір ғылымның, техникалық, кәсіби, өндірістік саланың дамуы мүмкін емес. Яғни, терминдерде әлем түсінігі жайлы арнайы білім, ұғымдар қамтылған, сонымен қатар, терминдер адамның ойлау қабілетінің, танымының, ақиқат шындықтың бейнеленуі мен көрінісінің ерекше бір түрдегі негізін сипаттайды. Әр ұлт тілінде дүние, әлем туралы түсініктер, ұғымдар түрлі тілдік фактілер арқылы таңбаланып, қоршаған әлемнің тілдік бейнесі, негізінен, адамдар санасындағы дүниенің логикалық бейнеленуі жағынан ұқсас болып келеді. Құбылыстар арасындағы ұқсастықтар ұғым категорияларын жасайтын лексемалардың толығына әсер етеді. Сол ұғым түрлерінің тұтастай алғандағы атаулары тілдің негізін құраса, құбылыстардың тілдегі бейнесінен ұлт ерекшеліктерін таныш-білуге болады.

Әдебиеттер:

1. Қожаева М.Т. Аударматану терминдерінің когнитивтік-семантикалық құрылымы. – Алматы, 2006. – 15 б.
2. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1999. – 161 б.
3. Новиков Л.А. Семантика русского языка. – М., 1982. – 173 с.
4. Ахманова О.С. Предисловие// Словарь лингвистических терминов. – М., 1966. – 608 с.
5. Лингвистикалық энциклопедиялық сөздік. – М., 1990. – 685 с.
6. Апресян Ю.Д. Лексическая семантика. – М., 1974. – 197с.
7. Мұсатаева М.Ш. Двухязычная лексикография: тенденции и перспективы. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. – 204с.
8. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие. – Минск.: Тетра Системе, 2004. – 225 с.
9. Попович А. Проблемы художественного перевода. – БГК им. И.А.Бодуэна де Куртенэ, 2000. – 280 с.
10. Левицкий В.В. Виды мотивированности слова, их взаимодействие и роль в лексико-семантических изменениях // Материалы семинара по проблемам мотивированности языкового знака. – Л.: Наука, 1969. – С.21-25



РЕЗЮМЕ



Статья посвящена когнитивно - прагматической характеристике анатомических терминов. Чтобы понять природу языка, необходимо систематическое проведение исследовательских работ, которые тесно связаны с новыми направлениями наукой о языке.

RESUME

This article is devoted to cognitive – pragmatically investigating of the medical terms. Another to understand each part of the science there is a need of profound studying. Nowadays it is one of the ways of studying the language.





ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ӘЙЕЛ ТҰЖЫРЫМЫНЫҢ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР АРҚЫЛЫ БЕРІЛУІ

Әрбір тіл өзіне тән белгілері, қасиеттері бар ғажайып құбылыс. Сондай-ақ, халық, ұлт мәдениетінің айқын белгі-нышпандары, қыр-сыры тілінде бейнеленеді. Адам баласы өмірге келгеннен бастап осы ана тілін үйренумен қатар туған халқының мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын да бойына сіңірумен жетіледі және өз ортасының тіліне тән қимыл-әрекет, ым-ишараны қолданады.

Ым-ишара тілдері – кинесикалық негізі бар (дене қимылы, мимика) коммуникативтік жүйелер, яғни кинетикалық тілдер. Ғалымдар ым-ишарат тілін адамдардың қатынас құралының алғашқы түрі, дыбыс тілі ым-ишарат тілінен кейін шыққан деген пайымдаулар айтады. Қазіргі кезде кез-келген тілде ым тілі және бет-әлпет қимылы (мимика) коммуникациялы, экспрессивті т.б. қарым-қатынасқа толықтыру, үстеме ретінде кең қолданылады. Осыдан-ақ қарым-қатынастағы бейвербалды амалдардың, яғни ым мен ишарат, дене қимылдарының коммуникативтік ықпалының зор екендігін көруге болады.

Зерттеуші Ж.Нұрсұлтанқызы бейвербалды амалдарды вербалды амалдарды толықтырып, оларға қосымша мағына үстейтін, коммуникативтік актіні жалғастыруға қызмет ететін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз етуге көмектесетін қарым-қатынастың түрі деп баға береді [1, 8].

Сонымен қатар ғалым Б.Момынова соңғы кездегі зерттеулердің нәтижелері адамдар арасындағы қарым-қатынастың 7 пайызы вербалды (сөздер, фразалар, сөйлемдер), 33 пайызы вокальды (интонация, дауыс ырғағы, дауыс немесе дыбыс әуезділігі, екпіні мен қарқыны т.б) және 55 пайызы бейвербалды (дене тілі немесе ым мен ишарат) элементтер арқылы жүзеге асатындығын нақты дәлелдегенін атап көрсетеді [2, 4-7].

Әрбір ұлттың, этникалық ұжымның, әлеуметтік және мәдени топтың ым-ишараны қолданылу әдісі бірдей болғанымен, олардың семантикалық мәні басқа болуы мүмкін. Осы күнге дейін ым-ишара, бет-әлпет, дене қимылы қоғамдық және жеке жоралғыларда қызмет етіп, әр ұлт өмірінің ажырамас бөлігі болып келеді.

Бейвербалды компоненттер еркектер мен әйелдер қарым-қатынасында ерекшеленіп, әрқайсысына тән белгілі бір жүйе қалыптастырады. Әйелдерге жоғары сезімталдық тән болғандықтан олардың қарым-қатынаста бейвербалды әрекеттерді пайдалануы мен түсіну қабілеттері жоғары болып келеді.

Әйелдерге *«ернін сылп еткізу»*, *«астыңғы ернін тістеп»*, *«бетін шымышу»*, *«сұқ саусағымен бетін сызу»*, *«қос бүйірін таяну»*, *«шашын жаю»*, *«шашын жұлу»*, *«қасын керу»* т.б. сияқты кинемалар тән болса, ал ер адамдар қарым-қатынаста *«қабағын түкситу»*, *«алақанын ысқылау»*, *«өз алақанын соғу»*, *«сақалмұртын сипау»*, *«сақалын шошайту»*, *«мұртынан күлу»*, *«желкесін қасу»*, *«кеудесіне қолын қою»*, *«төс қағыстыру»*, *«малдас құрып отыру»*, *«қамшы тастау»* т.б.



бейвербальды амалдарды қолданады. Ортақ қимылдар ретінде «қол бұлғап шақыру», «жағасын ұстау», «басын изеу», «мұрнын шүйіру», «ала көзімен қарау», «санын соғу», «қолын шапалақтау», «таңдайын қағу» т.б. сияқты ым-ишараттарды атауға болады

Тілдесімдегі бейвербалды амалдар арқылы тек ақпарат алып қана қоймай, сонымен бірге қарым-қатынас жасаушының көңіл-күйін де, яғни оның ашулы/ренжулі, қуанышты, қайғылы, мұңлы екенін немесе таңданыс пен қорқынышын, бір нәрсені жақтырмай болмаса, керісінше, қолдап тұрғанын байқауға болады. Мысалы, әйел адамдар күйзелгенде *саусақтарын сыртылдатып, қысылғанда сақиналарын айналдырып, шарфтары мен желпүйіштерін* кимылдатып, таңданғанда немесе шошынғанда *жағасын ұстау, сұқ саусағымен бетін сызу, қорқыныштан алақандарымен көзін жауып, ұялғанда бетін шымшу, бетін көлегейлеу, жақыны қайтыс болған әйелдің бетін тырнау, шашын жаяу, шашын жұлу, қос бүйірін таяну* т.б. сияқты кинемаларды пайдаланатындығын білеміз. Ал ерлер қиналған, қысылған жағдайда *галстуктерін босатып, қайта тартып, көйлек түймелерін ағытып, қол сағатын бұрап, пиджактерінің түймелерін бір ағытып, бір түймелеп, темекілерін мыжсып, ашуланғанда үстелдің үстін жұдырығымен ұрғылап* кетеді.

Қазақ халқының қарым-қатынас жасау барысында рухани мәдениетіне, таным, талғамына сай ұлттық болмысты танытатын бейвербалды амалдардың кездесетіндігін білеміз. Мысалы, *қос қолдап амандасу, иіліп сәлем беру, төс қағыстыру*, т.б. кинемалары. Ер адамдар *қос қолдап, төс қағыстырып* амандасса, қыз-келіншек, әйел адамдар бір-бірімен *құшақтасып, сүйісіп*, үлкен әжелер жасы кішінің *маңдайынан, қолынан сүйіп* амандасып, жас келіндердің ата-енелеріне, өзінен үлкен кісілерге *тізесін сәл бүгіп, қолын айқастырып тізесінің үстіне қойып, басын иіп сәлемдесу* дәстүрі бар.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде қалыптасқан ежелгі салт-дәстүрдің бірі – қайтыс болған адамды жоқтау. Күйеуі, баласы, жақыны қайтыс болып, қаралы болған әйел *шашын жасайып, шашын жұлып, бетін жсыртады*, ал жақындары екі бүйірін *қос қолдарымен таянып, аңырап жылайды*. Ал күнделікті өмірде бұндай паралингвистикалық амалдарды жаман ырым деп бағалап, қыз-келіншектердің, әйелдердің пайдалануына тыйым салынған.

Әйел адамдар қарым-қатынасында қалыптасқан бейвербалды амалдардың ең көп тарағаны - «*ернін шығару*» (әжуалау, келеке ету), «*ернін шүйіру*», «*ернін шығару*» (менсінбеу), «*ернін тістеу*» (қиналғанда) т.б. Сонымен қатар «*шымшу, қыриу*» кимылдары әйел адамдардың, қыз балалардың жас баланы тентектігі үшін жазалау мақсатында қолданылады.

Кей жағдайларда сөзбен жеткізе алмайтын эмоцияны, сезімді ым-ишарат, дене қимылы арқылы жеткізу оңайға түседі. Үм-ишарат, әдет-ғұрып ежелгі ата-бабаларымыздың салт, әдеп, таным саласындағы ғасырлар бойы жинақталған, салт-дәстүрде көрініс тапқан халықтың бай қазыналары болып есептеледі.



1. Нұрсұлтанқызы Ж. О. Бөкеев шығармаларындағы бейвербал амалдар: Ф.ғ.к. ...авторефераты. – Алматы, 2006. – 29 б.

2. Момынова Б., Бейсембаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2003. – 136 б.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена невербальным способам выражения отношений, настроения у женщин. Наиболее часто женщины имеют привычку покусывать нижнюю губу, распускать волосы, вырывать пряди волос, щипать за щеки, делать поклон перед родней мужа и т.д. Все это является неотъемлемой частью национальных традиций.

RESUME

This article is devoted to non-verbal ways of expressing relations and mood of a woman. Frequently women tend to cut one's hair, touch one's cheeks, to give a bow to the husband's relatives, etc. These un verbal ways of expressing feelings are considered to be a significant part of nation's wealth and traditions.





МОЛДАШЕВА Л.

ҚАЛАМГЕР ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ШЕШІМІ

Тобық Жармағамбетов шығармаларының өзіндік ерекшеліктері мен көркемдік қуатын тану жазушының азаматтық, рухани дүниесін анықтап, оның адамгершілік, дүниетанымдық ізденістерін тереңірек зерттеу үшін қажет. Шығармадағы көркем тұлға арқылы қоғамдық проблема және қоғамдағы жағдай бейнеленеді. Шығармадағы ойды оқиға желісі арқылы өрбіте отырып, жазушының образды ашудағы қолданған көркемдік әдіс – тәсілдері (пейзаж, диалог, монолог, портрет, т.б.) оның өзіндік стилін аңдатады. Осы жолда көркемдік құралдарды орнымен пайдалану, қаламгердің басты табысы екені даусыз. Көркемдік құралдарды қолдана отырып, жазушы оның адамгершілік ішкі дүниесін барынша терең аша алады.

Жазушы өзі суреттеген кейіпкерлердің көңіл – күйін, ішкі адамгершілік әлемін танытуда қолданылатын көркемдік тәсілдердің бірі – пейзаж. Тобық суреттеген табиғат көріністері оқиғаларды дамытуда қаһарманның өзіндік қырын ашуда, шығарманың эмоционалдық қуатын күшейте бейнелеуде негізгі көркемдік құрал.

Жалпы қай жазушы болмасын табиғат көрінісін көтерілген мәселеге, кейіпкердің психологиясына сәйкес бейнелейді және әр жазушы оны шығармаларында әр түрлі сипатта қолданады. Осы орайда Тобық Жармағамбетов пейзаждары өзіне тән шеберлікпен шебер қиыластырылған. Тобықтың шығармаларының бір ерекшелігі қай – қайысының да табиғатпен үндесіп жатқанын байқаймыз. Алғашқы танымал болған «Отамалысынан» бастап, үлкен – үлкен повестерінің де тақырыбы да табиғат көрінісі атауларымен аталған. Айталық, «Қара жаңбыр», «Нәзік бұлттар», «Сентябрь түні», «Ақ жауын «Бәйтеректің жас шағы» деп аталатын шығармалары осы сөзімізге куә. Осы орайда Тобық Жармағамбетовтің пейзаждары өзіне тән шеберлік тәсілдерімен проза жанрына қосқан үлесі деуімізге болады. Тобық адамды табиғаттың төл перзенті ретін де ала отырып, табиғат пен адамның тамырластығын сипаттауды басты нысана етіп алады. Жазушы бейнелеген оқиға да, уақытқа байланысты табиғатта да түрленіп отырады.

Жазушының алғашқы туындысының бірі «Отамалы» әңгімесінде бес күнгі боран бастан аяқ жанды бейнеде көрініп, кейіпкердің ішкі жан дүниесімен бірлікте алынған.

«Пейзаж жазушының стилін белгілейді. Ал стиль – адам. Пейзаж образ сырын ашады. Ал образ – адам»[1, 92] деген Зейнолла Қабдоловтың пікіріне сүйенсек, жазушы Отамалы басындағы күйзелістер мен ішкі сезімдік көңіл – күйін ғана табиғатпен байланыстырып қоймай, қоғамның да даму процесін көрсетеді. Бес күн боранмен алысқан Отамалының алғашқы күнін жазушы былай бейнелейді.



«...Таңға жақын, қайдан келгені белгісіз, бір мыжырайған төбенің баурайынан ызғырық жел кенеттен қойлар мен Отамалыға лап берді. Жел шекпеннің шетін көтеріп, бөз көйлекті дүрілдетіп, Отамалының бүйірінен өтіп кетті. Ол бірдеме деп күбір ете қалды. Әлгі жел жалғыз келген жоқ екен, аспанның сол жақ шетіндегі жұлдыздар жайын жұтқан шабақтардай жоғала берді.

Отамалы енді қойдың алдына шықты. Итін дауыстап шақырып, оны ық жаққа жөнелтті. Бірақ қойлар шашыраңқырап кеткен екен, тез қайырылып болмады. Аспандағы жұлдыздар сөнгіштеп жатыр. Бұлттар жабылған түндіктей аспанды бүркей берді. Міне, Жетіқарақшы да жұтылды».[2, 23] Бұл үзіндіде жазушы кенет болған суық желді айта отырып, кейіпкер басына келген қасіретті де ескерткендей. Жетіқарақшының жұтылуы мен аспандағы жайма – шуақ тұрған жұлдыздардың жоғалуы да соның куәсіндей. Автор осылай суреттей отырып, Отамалының өшуге айналған өмірін білдіреді. Жазушы табиғат дүлейін кейіпкердің жан дүниесімен бірлікте суреттейді. Отамалы ыққан қойдың соңынан еріп отырып, көз алдына бірде өзінің өмір бойы тұрған лашығын, бірде Жапан байдың ағыл – тегіл тұрмысын елестетеді. Осы борандай тек қатыгездікпен ғана өткен өмірін елестетеді. Сонымен бірге боран мен желді жанды бейнеде, яғни кейіптеу түрінде жеткізіп оқушыны да бейне бір боран ішінде жүргендей сезімде қалдырады. Мысалы: «Жел енді тілдерін жалақтатып, Отамалының тізесін, бетін, шекпенін, етегінің қонышын жалап келеді. Қазір өзі би, өзі құдай. Сонысына масаттанғандай кейде сықылықтап күледі. Сосын ашу шақырып, барпылдап ала жөнеледі. Енді бірде қауарланып қорқытқысы келгендей әр түрлі үнге салады. Сол кезде маңай біресе бұралқы иттің ұлығанындай, біресе тағы мысықтың мауыққанындай, біресе су өгіздің ыңыранғанындай дыбыстарға толып кетеді. Бәрін жасап, бәрін игеріп, бағындырып тұр. Тек күші келмейтін бір заты – қараңғылық. Сондықтан оны көтеріп тастай алмай, әзірше осы қара бояудың ара – арасымен зулап, денесіне соның күйесін жаға ызғиды» [3, 28-29] - деген жолдарда суреткер алай-дүлей соққан боранның жанды бейнесін үлкен тебіреніспен бейнелейді. Басты пейзаж ретінде боранды қайталай отырып, Отамалы характерін аша түседі. Жаратылысында шыдамды, қиындықтан қорықпайтын Отамалыны суреткер боранмен жалғыз өзін аяқастыра отырып, басына салған тауқыметпен бетпе-бет өмір бойы шарпысқанын, адал, әділдік іздеген жолда қандай кедергілерге болсын төзе білетін қайратты жан екенін бейнелейді. Отамалы долдана соққан боранмен ғана емес, өмір бойы өзін айналдырған катал тағдырмен арпалысады.

Жазушы табиғатқа жан бітіріп, оның әр түрлі көріністерін әр қилы мазмұнды образдар арқылы бейнелей отырып, кейіпкер жан дүниесіндегі болып жатқан арпалысты да біртұтастықта суреттейді. Атап айтар болсақ, шығармадан мынадай үзінді келтіре кетейік.

«Отамалының денесінде ыстық қан ойнап кетті. Беті балбырап, тізесі ысыды. Қолдарына әл кіргізді. Шекпенін шешіп, былай алып қойды. Ондағы ойы – сыртындағы жел жібермейтін қатқан мұзын ерітіп алмау. Отамалыны ұйқы мен көмескі ойлар шырмап, денесін балбырата





берді. Сақалындағы қатқан мұзы еріп, иегінен су болып ақты. Отамалы өзінің ескі ошағын еске алды. Тап кетер күні кеште ошақтың жанында осылай отырып еді – ау.

Көзін гүрлеп жанып жатқан қамыстан айырмай, өткен өмірін ойша бір сүзіп өтті. Адам дегеннің өмірі жыланның бойында қысқа екен ғой. Бірақ соның өзі тұнып тұрған азап, азап, азап...» [4, 30]

Міне, осылайша өмірі тек азаппен өткен Отамалы тағы да табиғаттың дүлей боранымен соңғы сәтте тағы да жалғыз алысты. Халық тағдыры аталған шығарма туралы сыншы, ғалым Зейнолла Серікқалиев: «Осыншама жұпыны, бұйығы адамның бойында қаншама алапат қайрат бар. Отамалы долы боранмен ғана емес, мейірімсіз тағдырдың өзімен жағасынан ұстап арпалысты. Өмірінің ақтық сәтінде адамдық, пенделік үлкен күдіретін көрсетті «Қайдасың тас жүрек! Буындырайын! Тоқтаңдар иттер тоқтаңдар!» Желге қанатын жайып, Отамалы ұшып түсті. Бұл – оның соңғы айбары, көкірегі қарс айырылған соңғы жалышы, өліктей бозарып өткен өмірге ұлы қарсылығы» [5, 40] деген пікіріне сүйене отырып, тағдырдан қаншама қаталдық көрсе де налымаған, керісінше қасқая қарап, қарсы тұра білген өр мінезді қазақ азаматын көреміз.

«Отамалы» әңгімесінде пейзаж кейіпкер көңіл - күйімен бірлікте алынып суреттелсе, ал «Ақ жауын», «Сентябрь түні» повестерінде табиғат көріністерін уақыт тынысынан, кейіпкерлердің жағдайынан хабардар ету үшін пайдаланады.

Айталық, «Ақ жауын» повесі жапан түзде бір ұрттам суға зәру болып келе жатқан жолаушыларды суреттеуден басталады. Бұлар колхоздастыру жылдарында елден безіп жан – жакқа бытырап кеткен халықты елге қайтару мақсатында жүрген жас коммунистер болатын. Бірақ олар су іздеп жүріп, жау қолына түседі. Жау жағының басшысы болып жүрген Жаңбыршы мен Таңжарық тұтқындарды осы топтың басшысы Өтебергеннің қолымен өлтірмекші болады. Түн ішінде бір топ жолдастарын атпақшы болған Өтебергеннің бейнесін жазушы былай бейнелейді.

«Аспанның ай туған жағы қып – қызыл. Өртеніп, алаулап, қан қызылданып келеді. Білмеген адам өрт екен деп те қалады. Міне, әуелі шеті көрінді де, енді жайлап көтеріле берді. Алда болар уақиғаларға куә болу үшін келе жатқан сияқты. Бетінде қан дағы көп. Қып – қызыл. Куә... Бірақ ол кімге нені жеткізеді? Безеріп шығып, бозарып жоғалып кетпей ме?» [6, 120].

Міне, бұл кездегі табиғат та Өтебергенмен бірге қайғырып, алда болатын қантөгісті бейнелеп тұрғандай. Қыршынынан қиылған жастардың қанға боялған сәттерінен хабар бергендей, айдың беті де дақтарға толып кеткен. Қаралы оқиғаға куә болған табиғат пен өмірмен қоштасқалы тұрған жастардың тағдыры өзара үндестік тапқан. «Айдың беті тағы өзгерді. Қызыл шоқ сияктанып барады» деген жолдарда айды образға айналдырып суреттейді. Сөйтсе де, көз алдымызға жанды суреттерді әкеледі.

Повестің соңы жауларынан аман-есен құтылып, елге келе жатқан Өтебергендерді бейнелеумен аяқталады. Мұнда да жазушы





табиғат пен кейіпкерлер тағдырын шебер байланыстырады. Яғни түндегі бетін қан басқан ай жоқ, керісінше осы топтың аман – сау қайтып келе жатқанына мейірлене қуанған табиғат бар. Аспанға бұлт үйіріліп көптен күткен нөсер жауын басталды. Өткен қанды оқиғалардың ізін өшірейін дегендей жаңбыр тамшыларын жазушы былай бейнелейді: «Міне, келді. Жазғы жауын осы азғантай күнің ішінде бастап өткен бүкіл азаптың ауырлығы мен жүректегі күйік, қайғының бәрін жеңілдете жуып өтейін дегендей, осы қазіргі күй мен кешегі күйдің, сезімнің екі хәлінің арасына ақ перде болып түсейін дегендей құяды» [7.182]. 1930 жылдардағы тарихи маңызы өте жоғары оқиғалардың сәтті аяқталуын бейнелейтін шығармалардың осылай аяқталуы да көңілге қонымды, сәтті шыққан туынды деуімізге болады.

Әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1969 ж.
2. Жармағамбетов Т. Отамалы. – Алматы: Раритет, 2002 ж.
5. Серікқалиев З. Сәлем саған, ер Тобық! – Ақтөбе, 1994 ж.
6. Жармағамбетов Т. Ақ жауын. – Алматы: Жазушы, 1973 ж.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена исследованию художественных приемов в произведениях писателя Тобыка Жармагамбетова. С помощью этих приемов писатель описывает актуальные проблемы общества и его состояние. Повествуя определенные события, образы, Т.Жармагамбетов использует пейзажи, диалоги, монологи, портреты и т.д., и во всем прослеживается особый стиль автора, его неповторимость и самобытность.

RESUME

The article is devoted to research of artistic devices in compositions of Tобыk Zharmagambetov. The writer describes the urgent problems of the society, its condition by using such devices. Telling about the definite events, people, the author uses such devices as landscape, dialogues, monologues, portraits and etc., and everything shows his individual style of writing, its peculiarities and specific features.





КӨРТЕН Б.

ГАРИФОЛЛА ҚҰРМАНҒАЛИЕВТІҢ ӘНШІЛІК МЕКТЕБІН САБАҚТАСТЫРУДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, этнограф, педагог Ғарифолла Құрманғалиевтің орындаушылық мәнері – этностық мәдени генофондымызға қосылған дәстүрлі әншілік мектептің озық үлгісінің бірі екені белгілі. Олай болса, оны ұрпақ тәрбиесінде пайдаланып жалғастыру – қажеттілік. Ән созып, жыр айту өнерін индивидті әлеуметтендірудің негізгі құралдары қатарында қолдану – бұрынғылардан келе жатқан сабақтастық, дәстүр еді. Енді осы тұрғыдағы кейбір мәселелерді таразыламақпыз.

Сан алуан дәстүрлеріміз ғасырлар бойы халықтық педагогика тағылымдары арқылы сабақтасты. Оның адам бойында өмірде аса қажет әдет-дағдыларды қалыптастырар өзіндік амалдары мол еді. Ол – ұрпаққа тәрбие беру ісінде үлкен роль атқарды. Атқара да бермек.

Халықтық педагогика – ұлттық тәжірибелер мен тағылымдар жиынтығы, тәлім-тәрбие мұратына жетудің нұсқа жолы-тын.

Қазақ жұртының бағзыдан желі тартқан әнші – жыршылыққа баулу педагогикасы өзгеше бітімімен дараланады. Оның әдіс-тәсілдері материалдарды жадта ұстап қалуын қамтамасыз ететін процестермен, яғни, есту қабілеті арқылы қабылдау барысында музыкалы дыбыстың жоғарғы күшін, биіктігін, ұзақтығын, тембрін қапысыз тани білу, ажыратып ұғып алу қасиеттерімен ұштасады, жүзеге асырылады.

Бұрынғы әнші-жыршылардың бәрі осы жолдан, осы үрдістен өткен. Бұған олардың шығармашылық өмірі, қалдырған деректері нақты мысал – куәлік болады.

«Қырымның қырық батырын» жырлап өткен атақты Мұрын жырау былай дейді. өзінің ұстаздарының бірі – Мұрат Мөңкеұлы турасында: «Маған жыр үйреткенде Мұрат ақын екі түрлі әдіс қолданды. Бірінші әдісі: – Ол кісі етікші болатын. Ұсақ-түйек жұмыстарын маған істетеді де, өзі тігіп отырып, айтылатын жырдың шығу тарихын маған түсіндіріп айтып береді. Содан кейін: – Ал, бала, енді дайындал, жыр толғауына ілесіп отыруға әзір бол, – деп ескертеді.

Бір кезде әдемі, жұмсақ қоңыр дауыспен сайрай жөнелер еді. Мен ақынның ырғағына ілесіп, іштей қосылып отырамын. Бұл әдісті көбіне қысты күні қолданар еді. Ал жазды күні шөп шабу, егін ору, жылқы бағу сияқты жұмыстарды жақсы көретін. Ондайда мені қасынан қалдырмайтын. Кең сахараға шыққан соң ақын ерекше көңілденіп, масайрап кетер еді. Даусы да шабытты, тартымды болып шығатын.

– Бүгін мына жырды бастаймыз, – деп тағы да айтылмыш жырдың тарихын қысқаша айтып береді де, жыр тиегін ағытып, аңырата жөнеледі. «Үнінді шығарып, маған қосылып отыр!» – деп ескертіп алатын. Мен де ақын сынынан оту үшін барымды салып бағамын. Бір кереметі, жыр айтқанда әр сөзін сабырлы, салмақты, терең ойлы





«Тыңдасаң да – тыңдамасаң да – тыңда» дегендей шегелеп, шегендеп айтар еді. Менің бір байқағаным, қыстай үйде отырып үйренген жырларымнан сахарада жүріп үйренген жырларды тез айтып жаттығып кеттім... Мен Мұрат ақыннан тек қана жыр үйреніп қойғаным жоқ, сонымен қатар еңбеккерлікке де үйрендім, қамқорым болған ақынға еріп жүріп шөп те шаптым, егін де ордым, бау да байладым, жылқы да бақтым....Қандай ұзақ жырларды үш қайтара тыңдағаннан кейін, өздеріне домбыраға қосып түгелдей айтып беретін едім. Күндіз қолым еңбекпен жарысса, көкірегім күндіз-түні жыр ағынымен жарысар еді. Соған ұстаздарым қуанып: «Сенің иең бар жыршысың» деп бағалар еді. Жаттап үйренген жырларымды ай бойы айтқызып, тыңдап, сарапқа салар еді. Нұрым, Қашаған, Мұрат ақындардан үйренген отыз алты жырдың отыз алты мақамы бар. Әрбір жырды өзіне лайық әр түрлі сарынмен айтсаң, тыңдаушылар жалықпай, құмарлана тыңдайды деп үйрететін де солар болатын» [1, 252-253].

1983-85 жылдары Республикалық эстрада-цирк өнері студиясында оқып жүргенде ұстаз Ғарифолла Құрманғалиевтің шәкірттеріне, біздерге баяндаған мына мәліметінен де халықтық педагогика болмысын тани түсеміз.

«Әнді, – дейтін ол, – Мұхиттың немересі Шайқыдан үйрендім. Торы төбел аты болды оның. Баламын. Қайда той – топыр сонда әкететін мінгестіріп. Жазық далаға шыққан соң ән салады. Дауысы сұмдық еді. Үнімді үш тыныс алып барып теңестіретінмін... Шайқы әнді салған сайын: «Ал, Ғарифолла, енді сен айт», – деп маған қайталаттырып отыратын. Мен қайыра қайталап бергенде, марқұм риза боп, бауырына қысатын...

Жарылқаған, Нұрмахан, Әбуғалидің Құмары сынды атақты жыршыларды да көрдім. Тыңдадым. Босағада отырып-ақ олардың саздарын қағып алатынмын».

Келтірілген бұл мәліметтер бағзылық педагогиканың амал-жолдарынан мағлұматтар береді.

Ән – жырдың сазды әуезін осылайша тікелей бетпе-бет үйрену тәсілі – әуенді айқын түйсінуге, нота арқылы еш көрсетуге келмейтін айшықты дыбыстарды, дауыс бояуын анық естіп, сезініп, оның куәсі болуға толық мүмкіндік туғызатыны талассыз шындық.

Бұл пікірімізді ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор Айтжан Токтағанның мына сөзі де растап қуаттай түседі: «Қазіргі шәкірттер Динаны, Оразғалиды, Қалиды, Нәбиді тыңдамай-ақ домбырашы болғысы келеді. Қазіргі шәкірт неге қағазға бейім? **Нота бермей күйтабақ берсе мың рет тыңдап ала алмайтын бейшара.** Осының себебі неден? Көкірегімен күйді сезе алатын адамның бірде біреуі мен «Күй көз үшін емес, құлақ үшін, жүрек үшін жаратылған» десем дауласа қоймас деп ойлаймын. ...көбінесе нотамен ғана ойнайтын оқушыларды тәрбиелеп шығардық. Нота үйрену сонша керек болса, қазақтың ескі замандағы домбырашылары іргеде тұрған қытайдың сандық нотасын алуға өресі жетер еді. Бірақ көшпелі халық ешқандай нотаны алған жоқ, қабылдаған жоқ, құлақпен естіп, көкірекпен ұғынып, сол аталар салған қасқа жолмен жүре берді. Жүре беру керек еді. Бірақ қасіретімізге орай бізге батыс





Еуропа мәдениеті келді. Сол мәдениетпен бірге шығыс, оның ішінде қазақтың мәдениетіне мүлдем жат, дыбысты көзбен түйсіну дәстүрі келді, – дей келіп білікті ұстаз одан әрі, – нота үйрену қалсын, сақталсын, бірақ нота жазу мәдениеті кейін келген... соған сәйкес орнын тапсын. Ал күй үйренудегі байырғы дәстүр, күйді көзбен емес құлақпен тыңдау дәстүрі, сол арқылы әрбір дыбысты мидан, жүректен өткізіп сіңіру – қазақтың төл дәстүрі деп танылсын және бірінші ретке қойылсын. Ал енді нақты педагогика саласында бұл мәселе қалай шешілуі керек? Құдайға шүкір... ұлы орындаушылардың өзі болмаса да көзі бар. Таспаға түсірілген, күйтабақтарға жазылған күйлері бар. Ұрпақ санасы... о бастағы сыны бұзылмаған, қуатты әрбір дыбысының илеуі қанған, сұлу нұсқаларды тыңдау арқылы қалыптасуы керек», – дейді [2].

Бұл бүгінге дейін сабақтасып келген бағзылық әншілік дәстүр қалыбын үйрету, оқыту жағдайындағы да мәселе. Енді соған тоқталайық.

Музыкалық білім беруде халық педагогикасының жоғарыда Мұрын жырау, Ғарифолла баян еткен әдістері – үйренуші бойында мына қасиеттердің берік қалыптасуына негіз қалайды:

а) дағды;

ә) байқағыштық.

Дағды – әдепкіде саналы түрде орындауды қажет ететін әрекеттің жаттыға беру нәтижесінде автоматты қалыптасуы болса, байқағыштық – танымдық құрылғы және соған сай шындықты қабылдауды орнықтыратын қасиет. Анықтамасында: «Байқағыштық – заттың, құбылыстың егжей-тегжейін аңғартатын адам қабілеті», – делінген [3,46]. Бұларды музыка, өнер мектептерінде Ғарифолла Құрманғалиевтің стиль-мәнері негізінде ашылған кластарда оқитын шәкірттерге оның орындауында жазылып қалдырылған фонотекамыздағы халық шығармаларын әр сабақ үстінде әлденеше рет тыңдата отырып, оқытушы көмегімен олардың назарын мына жағдайларға аударту барысында орнықтырып дамыта түсуге болады :

а) мелодияның ладтық пішін-құрылымын зерделету;

ә) ән фразаларындағы дауыс регистрін, дыбыс өлшемдерін, тыныс алу кезеңдерін бағамдату;

б) үн тембрін, оның айшықтанып құлпыру қалыбын пайымдатып сезіндіру;

в) әуен үзінділеріндегі орындаушы дауысының динамикалық дәрежесін ұғындыру;

г) мәтін сөздерінің орфоэпиясын бажайлату;

д) аспап сүйемеліндегі қағыстарды , перне дыбыстарын қадағалату.

Баяндап отырған жайттарды академик Ахмет Жұбановтың пікірі де қуаттай түседі, ол: « ...музыканы қайталап көп тыңдау керек және сол тыңдаған музыканы қайталап айтып дағдылану керек. Түгел айту қиын болса, бөлшектеп, қайталап үйрену керек. Бұл слухтың (есту қабілеті – Б.К.) дамуына үлкен жәрдем етеді. Кейбір қиын болған кездерде аспаптың жәрдемі де тиеді. Қандай аспапты ойнай алатын болсаңыз, сол



аспапта есіткен музыканы тартып көру керек. Бірақ соның өзінде де үнемі дауысты қосып отыру қажет.

Біздің әндеріміздің өзі де біркелкі болып келмейді. ...тыңдағанда осы жақтарын айыруға тырысу керек. Кейбір әндер өлең шумағының екі жолымен бітіп қалады. Біреулерінде қайырма болады. Біреулерінде қайырма орнына шумақтың соңғы жолы қайталанады. Ал біреулері үш-төрт шумақ бойына кетеді. (Мысалы, «Қорлан », «Алтыбасар», «Қаракөз» т.б.) Бір әндер қоңырлата басталады («Жайма қоңыр», «Жай қоңыр»), бір әндер бірден шырқала басталады («Жанбота», «Бала Ораз», «Ардақ» т.т.). Осыларды айыра білу керек. Сөйте-сөйте ән тыңдауға адам машықтанады» – дейді [4, 470].

Демек, Ғарифолланың ән салу мәнер-стилін үйренуге ден қойған талапкерлерге оның орындауында шығармалар жазылған бейнетаспаларды, ұнтаспаларды мүмкіндігінше жиі тыңдатқан жөн. Себебі осындай педагогикалық іс-әрекеттің негізінде шәкірт жадында игерілмек әуенге қатысты елестер жақсы қалыптасады. «Елестету дегеніміз – ол қазіргі сезім мүшелеріне тікелей әсер етпейтін, бірақ бұрын олар белгілі бір формада қабылданған заттың сезімдік образы», – дейді ғылыми анықтамада [5, 234]. Мұның шығарманы меңгеруге жұмыстану сәтінде оқушыға көп көмегін тигізері даусыз, яғни, ол санада қабылдаудан пайда болған көру елестері арқылы саусақтардың қимылына, пернелерде орналасу тәртібіне, қолдың қағыстағы қозғалыс тұрпатына, ауыздың ашылып жабылуына, ал есту елестері арқылы дыбыстың тембріне, айшыктанып құлпыру қалыбына, созылу мөлшеріне т.б. имитация жасай отырып, соған ұқсас әрекет көрінісін қайталауға, әуез шығаруға талпынады. Өстіп үйренуші бойында ән тыңдау мәдениеті бірте-бірте қалыптасып, музыкалық қабілеті дами береді.

Қазақтың бұлбұл қызы Бибігүл Төлегеновамен дауысының ерекшелігі жайында пікірлескенімізде: «Үнімнің биіктігі үшінші октаваның ми нотасы. Мұның негізі мынадан болар: әкем Ахмет домбырадан басқа да бірнеше аспапта ойнаған өнерлі кісі еді. Скрипканы да тартты. Дауысымның осы аспаптың тембріне ұқсастығы, биік болуы бала кезде көп тыңдап, жадымда мықты сақталып қалған сол жағымды үнге еліктеуден де шығар», – деп еді бізге.

Әйгілі дарынның пікірі ойымызды толық бекітіп тұр әрі ғылыми анықтамаға сәйкес.

Ғарифолла Құрманғалиевті халық құрметіне шексіз бөлеткен оның әншілік мәдениеті, яғни орындаушылық мәнері мен дауыс өрнектері, кең диапазоны, өзгеше біткен үн саздылығы еді. Ал мұны белгілі бір деңгейде сақтап сабақтастырудың негізі – шәкірттерге оқытып меңгерту барысында жоғарыда саралап көрсеткеніміздей, халықтық педагогиканың амал-тағылымдарын пайдалана отырып үйретуге байланысты.



Әдебиеттер:



1. Батырлар жыры (Мұрын жыраудан жазылған мұралар). 6-том. – Алматы: Жазушы, 1990 жыл.
2. Айтжан Тоқтаған. Күйді жүрегіңмен тыңда... // Ана тілі. №5, 6-12. 02.2003 жыл.
3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002 жыл.
4. Жұбанов А. Өн-күй сапары. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1976 жыл.
5. Философия. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Рауан, 1991 жыл.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена народному артисту, лауреату государственной премии, этнографу, педагогу Гарифолле Курмангалиеву, который славился своим необычным тембром и широким диапазоном. Наша задача – изучить глубже и привить его творчество молодому поколению.

RESUME

The article is devoted to the national artist, ethnograph, and teacher Garifolla Kurmangaliev. The singer was famous for his unusual tembre and wide diapazone. Our task is to study his creation deeper and teach it to our young generation.





АТАҚ-ЛАУАЗЫМ АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ МАЗМҰНЫ

Қазақ тіліндегі атақ-лауазым атауларын этнолингвистикалық тұрғыдан зерделеу этнос тарихын, ол бастан кешірген тарихи өзгерістерді, әлеуметтік-экономикалық жағдайды, этнопсихологиялық ерекшеліктерін, ойлау логикасын егжей-тегжейлі танып-білуге мүмкіндік береді. Тіл білімі ғылымының бұл саласындағы зерттеулер XVIII-XIX ғасырлардан бастап көрініс бере бастаған антропоцентристік бағыттағы ізденістер қатарына жататыны белгілі.

Лингвистикадағы антропоцентристік әдіс тілді адам болмысымен бірлікте қарастыруды көздейді. Әлемдегі барлық құбылыстар адам тәжірибесі мен құндылықтары тұрғысынан қарастырылады. Мәселен, қазақ тілі лексикасының біз қарастырып отырған тобына жататын *би* атауы туралы ұғымдар мен бағалаулардың мән-мағынасы, уәждері, сайып келгенде, ұлттық дүниетаным мен ұлттық менталитет негізінде қалыптасады.

Сондықтан да олар туралы мәліметтерді әртүрлі дереккөздерден жинастырып, таратып-тарқатып айту, танып-білу тек этнолингвистика негізінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Өйткені бұл деректерде халықтың жалпы биге деген көзқарасы, олардың жақсы-жаман қасиеттері жөнінде пікірі қалыптасады.

Осы тұста ғалым Н.Уәлидің атақ-лауазымға қатысты кейбір атаулардың этномәдени мазмұны жөнінде айтқан пікірлерін төменде келтіре кетуді жөн көріп отырмыз:

«Адам баласы сәби кезінен-ақ ана сүтімен тілді, тілмен бірге мәдениетті де қоса игереді. Мәдениеттің небір нәзік қырлары тілде бейнеленеді. Әр тіл дүниені, адамды өзінше көрсетеді, өзінше бейнелейді.

Көркем мәтіндегі *би* сөзін лингвомәдени таңба ретінде алып қараудың тиімді жағы бар. Өйткені аталмыш таңбада лингвистикалық код та бар, мәдени-тарихи код та бар. Мәселен, *би* – «қазақ қоғамындағы бұрын-соңды қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-сананы өте жетік білетін, сөзге шешен, өзі заңгер, өзі істің ақ-қарасын айқындап, үкімін шығаратын сот (судья)» [1].

Батыр – «жаумен шайқастарда асқан ерлік жасаған, қарсыласынан ешқашан тайсалмайтын, қаймықпайтын, өз намысын, ел намысын өзгеге таптатпайтын қаһарман, ержүрек адам; жаумен шайқаста жеке ерлік жасап, даңқы шыққан, сол үшін елдің құрметіне бөленген, ел ардақтаған тұлға». Батыр «қолпаштау, көтермелеу, «бәрекелді» мағынасында айтылатын қаратпа сөз» (*Тоқта, батыр! – деп Бала би тоқтатыпты да, былай депті; – Сауғаңа жараса, не арман бар, ал батыр!*).

Байырғы мәдени-тілдік ұжымның когнитивтік санасында *батыр* - мәртебелі әлеуметтік топтың өкілі, бірақ биден мәртебесі жоғары емес (батыр биден санкция сұрайды, бата сұрайды; би батырды жорыққа





жұмсайды т.б.). Батыр өзінің ғана емес, елдің намысын жоғары ұстайтын тұлға (мақал: *ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді*); батыр екі сөйлемейді: батыр қолпашты, көтермелеуді сүйеді (мәтел: *Батырды бәрекелді өлтіреді*); батыр аңғал болады (мәтел: *батыр аңғал, ер кодек*); батыр кеңеске қарусыз кірмейді; жаудан түскен олжаны бөліскенде батырдың қылышына (мылтығына, садағына, найзасына т.б.) арнайы сыбаға бөлінеді; батырдың ұстаған туы, найзасының қылы, дулығасы, кісесі, қыны т.б. атадан балаға мирас болып қалады. Миранстық жол жеті атаға дейін сақталуға тиіс, батырдың мирасқа қалған затын жеті атаға толғанша бөтен біреуге бермейді.

Батыр өзіне дәреже-атағы (рангісі) теңдес қарсыласпен жекпе-жекке шығады, қарсыласының жолын сыйлап, кезегін береді; бесқарудың қайсымен жекпе-жекке шығуды қарсыласының таңдауына береді т.б. Бір кездердегі мәдени-тілдік ұжымның санасындағы батыр туралы білімдер үзігі, шамамен, осы тәрізді» [1].

Халық қара қылды қақ жарып, шындықты айтатын *әділ биді*, жақынына да бүйрегі бұрмайтын *тура биді* ұнатқан, «*тура биде туған жоқ, туғанды (кейде - бұрғанды) биде иман жоқ*» деп оны марапаттаған; күміс көмей, жез таңдай *шешен де ділмар биді* ерекше құрметтеген т.т. Сонымен қатар халық билердің бойындағы кемшілігі мен кемістіктерін де ашық сынап, олардың сипаттама аттарын «*би*» лауазымына қабаттастырып та айта берген.

Тарихи романдарда кездесетін *би* және *бек* лауазымдары туралы айта келе, академик Р.Сыздық былай дейді: «*Би* мен *бек* сөздері бір түбірден өрбіген фонетикалық варианттар болғанымен, XVI-XVII ғасырларда *бек* сөзі – ұлысты немесе ұлыстар одағын билейтін (басқаратын) ресми басшының лауазымы, сондықтан романда *алашбегі, ұлысбегі* деген титулдар да кездеседі, ал *би* – ру басындағы белгілі адамның атауы, оны билеушіден гөрі, кеңесші, ақылшы деп тану басым және *би* атағы белгілі адамдардың тұрақты атағы: *Томан би, Шөгел би, Сүтемген би, Қадырғали би*, бұларды *бек* деуге болмайды, ал Қадырғали әрі *ұлысбегі*, сонымен қатар ол ақылшы, шешен ретінде келген тұста *би* деп аталды» [2, 98-99].

«*Би*» атымен атқарылған, шешімін тапқан дау-дамай, айтыс-тартыстардың, тағы басқа әлеуметтік мәселелердің қатарына, мәселен: 1) жер дауы; 2) жесір дауы; 3) күн даулау; 4) барымта, қарымта, сырымта мәселелері; 5) ұрлық-қарлық; 6) салт-дәстүрді сақтау; 7) айыптау; 8) алым-салық т. б. осы сияқты мәселелерді жатқызуға болар еді; өз дәреже-деңгейіне қарай билер қоғамда сан алуан қызмет атқаратындығын көрдік. Олар билік айтумен қатар, кейде хандар кеңесінің құрамына еніп, кеңесші, ақылшы қызметін атқарған, көші-қонды басқарып, соғыс кезінде әскери қол, жасақтарға да қолбасшылық еткен т.т.

Белгілі бір аймақ *болыстық* деп аталатын болса, оның билеушісі *болыс* болып белгіленді. Сөйтіп *болыс* сөзі XIX ғасырдағы мемлекеттік ел басқару, билік жүйесінен берік орын алған атау ретінде жиі жұмсалды.

Дегенмен *болыс* сөзі кірме атау секілді болып көрінгенмен, оның түркі тектес сөзден шыққандығы туралы мәлімет бар. Е.Жанпейісовтің



айтуына қарағанда, болыс сөзін орыстың *волость* деген сөзінен тіліміздің ішкі заңдылығына сай өзгерген кірме сөз деп қарауға болмайды. Бұл жөнінде ғалымның өзі былай дейді: «...Біз болыс *волость* дегеннен емес, *ұлыс* сөзінен шыққан демекпіз» [3, 107].

Е.Жанпейісовтің пікірінше, түркі-моңғолдық *ұлыс* термині ең алдымен славян тілдеріндегі түркізмдер қатарына орыс тіліне орта ғасырларда енген. Шамасы, ғалымның көрсетіп отырған дәуірі орыс мемлекетін моңғол-татарлардың жаулап алған мезгілі болса керек. Орыс тіліне *ұлыс* сөзі *волость* болып өзгеріп енген. Содан соң қайтадан қазақ тіліне енген ол *болыс* тұлғасына дейін өзгеріп жеткен. Сол себепті болса керек қазақтар бұл сөзді мүлдем танымай, жат құбылыстай қабылдап *болыс* деп алады дейді ғалым.

Қазақ тарихындағы Кенесары хандығы тұсында сонымен қатар кейбір әлеуметтік атаулар әкімшілік сипат алды. Атақты батырлар мен беделді билердің Хан кеңесіне мүше болуы соның айғағы. Сонымен бірге Қазақ тарихындағы көптеген елдер секілді Кенесары құрған мемлекет те жартылай әскери-феодалдық мемлекет болды. Оның әскерін басқарған қолбасшылар *жүзбасы*, *мыңбасы* деген атаулармен белгіленген. Кенесары мемлекеттік әскери атаулар қатарына «*мергенбасы*» деген атауды енгізген. *Мергенбасы* деп құралайды көзге атқан ерекше отряд бастығын атайды.

Енді атақ-лауазымдардың ғұн дәуірінен бергі ауқымын, шығу төркінін, қолданысын пайымдап қарайтын болсақ, олар төмендегі ерекшеліктерден тұратынын байқауға болады.

1. Жалпы түріктік атақ-лауазымдар таза күйінде сақталмаған. Барлық атауларға 5-6 тілдің элементтері араласқан. Олар: 1) санскрит тілі, 2) ғұн тілі, 3) қытай тілі, 4) араб тілі, 5) славян тілі, 6) моңғол тілі және тағы басқалар. Сондықтан да болу керек, бұл атаулардың көпшілігі түсінікті болса да, арасында жоғарыдағы тілдердің әсерімен жасалған, сондықтан да түсінікті бола бермейтін атаулар кездесіп отырады. Интернационалдық принцип болмаса да, көптілдік принцип сақталғанын көреміз. Қандай болғанда да, түркі тілінің негізі сақталғаны аңғарылады. Қанша шет тілінің әсері болса - дағы, түркі тілінің негізінде жасалғандығы көрініп тұр. Мысалы, *бек* түбірімен ұласып келетін терминдердің *бегім*, *бегүм*, *бектік*, *бекше*, *беклер*, *беглен*, *сұлтанбек*, *түмен бегі*, *тұман бегі*, *орда бек*, *ұлық бек* т.б. туынды тіркестердің баршасы қазақ тіліне тән сөзжасам модельдерімен жасалған. Ал, бұл атаулардың шығу дәуірі тым алыста жатыр. Демек, содан бері бұл әр тілде, соның ішінде қазақ тілінде қолдануда жүрген атаулар.

2. Атақ-лауазымдардың бәрі бірдей бір тілде сақталуы да, сақталмауы да мүмкін. Оның сақталу, сақталмауы әлеуметтік жағдайларға байланысты. Мысалы, *Бегайым* – көптеген түркі халықтарында қолданылатын – ізгі тектен шыққан әйел есімдерімен қосарланып айтылатын (*бек+айым*) лауазым сөз. Ол бүкіл түркі халықтарының тілі мен әлеуметтік ұйымдарының ықпалына түскен кейбір басқа халықтар тіліне де (мыс., парсы, тәжік) ауысқан. *Бегайым* >



бек сөзі мен «**ім**» тәуелдік жалғауының жалғануымен жасалған. *Ханым, сұлтаным* сөздерімен қатарлас.

Бегайым термині әйелдің әлеуметтік жайы мен шыққан тегін көрсетеді және патриархалдық-рулық не патриархалдық-феодалдық қоғамда оның біліктілер тобына, яки үстем топқа жататындығын аңғартқан. Мұндай әрекеттер кейінгі кезде еркелету, көтермелеу үшін қосылатын элементке айналып кетті (*Күләйім, Нұрайым, Биганым, Бекайым т.б.*)

3. Әрбір тілдің ең жоғарғы мәнсабын білдіретін атақ-лауазым термині қалыптасатын сықылды. Мысалы: Ғұн ханын – **Тәңірқұт**, Үйсін ханын – **Күнби**, Түркеш ханын – **қаған**, қазақ ханын – **хан**, аға сұлтан, Хиуа ханын – **әмір**, Бұхара ханын – **бек** деп атаған. Осында бір заңдылық байқалады. Ол заңдылық әрбір хан өз елінің ең жоғарғы билеуші мәртебесі, қайталанбайтын монархы болып есептелуіне байланысты. Араб, иран елдерінде **хан//қаған** деген атақ-лауазым жақсы таныс болса да, бірақ дәстүрлі түрде **әмір, хаким, шах, шахиншах** т.б. деген атаулар жұмсалған. Орысша *царь, держава*, грекше – *король, князь* атаулары қолданылған.

4. Бір атақ-лауазым атауынан бірнеше атау пайда болуы мүмкін және олардың барлығы бір мағынадағы атау емес, әр елде, тіпті бір елдің өз ішінде бірнеше мағынада қолданылуы мүмкін. Мысалы: **бек** атауына қатысты: *атабек, тұтқауыл бек, бекзада, бегім, бектік, ұлыс бегі, бекше, беклер бегі, кіші бек, шонжар бек, іргелі бек, беглен, бегүм, ішкі бек, сұлтан бек, түмен бек, тұман бек, атбегі, орда бек, ябғу бек, дуан бек, елбегі, бек бике, бас бек, бек мірім, әділ бек, бекайым, аға бике, кіші бике* т.б. Қолданыс жиілігіне байланысты кейбір атаулардың кең тарағандығын, сол лауазымның жиі қолданғандығын айыруға болады. Қолданыс жиілігіне қарағанда атақ-лауазымдардың ішінде «**басқа**» байланысты, «**бекке**», «**биге**» байланысты атаулар алдыңғы қатарда тұратынын ескертуге болатынын айтуға болады.

5. Атақ-лауазымдарды талдап қарағанда бір тілде бір ортақ-лауазымдардың көбірек кездесіп, екінші елде бір лауазымның азырақ кездесуі байқалады. Мұның себебі – сол елдің әлеуметтік жағдайына, мемлекет құрылымына байланысты. Мысалы, **әкім//хаким** деген атау ұйғыр халқының өмірінде өте жиі қолданылған атаулардың бірі болған. Базарынан бастап мазарына дейін әкімдер басшылық еткен. Соған қарағанда, атақ-лауазымның түрлері әр елдің әлеуметтік жағдайына байланысты өзгеріп отыратынын көреміз.

6. Атақ-лауазым атауларының өздері, құрамы шетелдік элементтерден құралуы мүмкін. Біз оны ғұн дәуіріндегі ғұн элементтерінен, көршілес отырған санскрит, үнді, қытай, араб, иран, славян тілдерінің әсерінен деп қарауымызға болады. Алайда, түркі әлеміне тән атаулардың баршасы негізінен түркі тілдес болып келетінін үзілді-кесілді айтуға болады.

7. Түркі әлемінде ғасырлар бойы қолданылған атақ-лауазым атаулардың есебін шығару да осы категорияның дамуын, архаикалық құбылысқа айналуын және тілдердің қайсысында сақталуын анықтауға

мүмкіндік береді. Қазақ тілі осы процесте қай орынды иелейтінін анықтауға, онын қай дәуірін көбірек сақтап қалғанын көрсетеді.



Әдебиеттер:

1. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: Филол. ғыл. докт. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 330 б.
2. Сыздыкова Р. Сөз құдіреті. - Алматы: Санат, 1997. – 207 б.
3. Жанпейісов Е.М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 167 б.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена этнолингвистическому исследованию названий титулов и чинов в казахском языке. В ходе исследования можно раскрыть множество нового в истории этноса, его судьбу, социально-экономическое положение.

RESUME

The article is devoted to the ethnolinguistic research of the names of titles and rank in the Kazakh language. During the research one can find the news in the history of ethnos, its destiny, economic and social conditions.





"ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ" ҰҒЫМЫНА ҚАТЫСТЫ КИІМ АТАУЛАРЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ МӘНІ

Кейінгі онжылдықтар белесіндегі зерттеулер этносты, ұлт мәдениетін тіл арқылы анықтауды негізгі қағида етеді (Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, Р.Сыздық, Н.Уәли, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, Қ.Жаманбаева т.б.). Нақты айтқанда, тілді тұтынушы ұлтты алғашқы орынға қоятын лингвистикадағы антропоцентристік парадигма өз аясында жаңа бағыттарға жол ашуда. Осымен байланысты Г.Снасапова, Ш.Елемесова, Ф.Қожахметова, М.Күншаева, Қ.Қайырбаева, Н.Аитова, А.Әмірбекова, Ж.Саткенова сынды жас ғалымдардың жұмыстарында тіл таным кілті деп қаралып, когнитивтік лингвистика мәселелері этнолингвистика, лингвомәдениеттану, психоллингвистика, әлеуметтік лингвистикамен тығыз байланыста зерттелген.

Осыған орай соңғы кездері қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистиканың негізгі категориясы *концепт* табиғатын нақты дәйектер негізінде ашуға бағытталған еңбектердің көбейіп келе жатқаны байқалады. Ғалымдардың зерттеулерінде *бақ, тағдыр, өмір, өлім, жан, қайғы, мұң, тары, батырлық, қаһармандық, соғыс, тұр-түс, сұлулық, әсемдік*, т.б. концептілердің мазмұны көрсетіліп, олар әр қырынан қарастырылған.

Ал мәңгілік тақырыптардың бірі - *әйел* мәселесі қоғамдық ғылымдардың ішінде, негізінен, қазақ әдебиеттануында көркем шығармалардағы *әйел* бейнесіне қатысты зерттеулерде кездеседі. Шын мәнінде, қазақ тарихы мен мәдениетін зерделесек, сан ғасырлар бойғы күресте елдігін ерен еңбегімен, асқан парасатымен, шексіз шыдамдылығымен және сүйіспеншілігімен сақтай білген, ұлттық рухты ұрпағының бойына ақ сүті арқылы, бесік жыры мен туған тілі арқылы сіңіре білген әйел-аналар аз емес. Қазіргі таңдағы ана тілінің тағдырында да, бүгінгі мен ертеңінде де бағзы замандардағыдай аналардың алатын орны, атқаратын рөлін көрсету мен жаңғыртудың мәні ерекше. Алайда қазақ халқының ұлттық дүниетанымына сәйкес қазақ мәдениетіндегі әйелдің шынайы орнын тіл арқылы таныту, жаңаша зерттеп-зерделеу міндеті толық шешілген жоқ. Осымен байланысты ұлттың болмыс-бітімі, дүниеге көзқарасы мен рухани-мәдени құндылықтарына сәйкес әйелдің өзіндік табиғатын, қоғамдағы, отбасындағы әлеуметтік қызметімен сабақтас анықтау мәселесін ұлттық таным қорында тіл арқылы жинақталған *әйел концептісі* арқылы дәлелдеудің мәні ерекше. Оның өміршеңдік сипатына сәйкес қазіргі қазақ қоғамындағы "*қазақ әйелі*" *концептісінің* даму динамикасын, жаңару үрдісін анықтау зерттеу жұмысының негізгі ұстыны болып табылады, әрі оның өзектілігін де айқындайды.

Біз аталған мақалада тек "*қазақ әйелі*" *концептісінің* аясына кіретін кейбір киім үлгілеріне ғана қысқаша тоқталуды мақсат тұттық. Мысалы, қазақ қыздары мен тұрмысқа шыққан әйелдерінің бас киімдері мен шаш үлгілері қатты ерекшеленген. Этнографиялық деректерге





карағанда, әйелдер шашын қос өрім етіп өреді де, ол екеуінің ұштарын біріктіру үшін **шашибау** тағады. Шашты олай өру - әйелдіктің белгісі, бұл - бүтіннің жартысы болғанды білдіреді. Ал қыздар шаштарын бір өрім етіп, ұшына **шолны** тағады.

Киім кию үлгісі мен қимыл арқылы *қазақ әйелінің* киім кию ерекшелігі ғана емес, кейде қажетсіз жерде жайбасарлық пен созылыңқылық танытатын қазақтың бейғамдық болмысын, ұлттық психологиялық ерекшелігін де астарлап бейнелеуге болатыны байқалады. Мысалы, *Үйден үстіне малынтып шұбалаң көйлек киіп, басына малынтып шұбалаң орамал тартқан әйел созалаңдап шығып, қалқи басып, ат үстіндегі күйеуіне бірдеңе апарып берді* (Ә.Кекілбаев. Үркер).

Бойжеткен қыз бен тұрмысқа жаңа шыққан жас әйелді, дүниеге сәби әкелген ананы, өмірден көргені мен түйгені мол салиқалы бәйбішені ата-бабаларымыз, ең алдымен олардың бас киімінен ажыратқан. Қыздар бастарына **үкілі тақия, кәмшат бөрік** киген: *Өтіп бара жатқан бес қыздың тап ортасында, жібек жсал ақ жсорға атқа мінген Тоғжан екен... Басында жап-жаңа кәмшат бөрік* (М.Әуезов. Абай жолы). Қазақ әйелдерінің бас киімдері практикалық қызметінен өзге әйелдердің отбасылық жағдайының корсеткіші болып табылған. Олар тұңғыш баласы, кейде екінші баласын туғанға дейін желек киген. - *Ауылдағы ежелер мен абысындарға қосылып Ділдә келініне кимешек-шаршы, қалың жібек желек кигізіп жіберінті* (М.Әуезов. Абай жолы). Қазақ әйелдері тұңғыш баласын туған соң оның басынан **желегі** алынып, **кимешек** кигізіледі. Оның шылауышына төбелдірік, маңдайына бергек, түйреуіштер қадайды. Бірнеше балаға ана болған орта жастағы әйелдер көзге түсерліктей әшекейі жоқ **шалаң кестелі кимешек** киіп, **ақ жаулық (шылауыш)** тартады: *Ақ шаршы, кестелі кимешектерін әсем гып салған күлкіші келіншектер де көп* (М.Әуезов. Абай жолы).

Қоғам алға жылжып, заман өзгеріп, материалдық және рухани құндылықтар өзгерген сайын қазақ әйелдерінің киім үлгілері де ауысып, соған сәйкес киім киюге деген көзқарас та өзгеріп отырғаны даусыз: *Мұғалім Арайдың басындағы күндікке қарап біраз тұрды. Кемпірдің ақ матаны қаттап басына орай бергені ерсі, ал мұғалім әйелдің жұқа көгілдір орамалмен бір тарта салғаны Арайға ерсі* (Ш.Мұртаза. Мылтықсыз майдан). Қазіргі таңдағы әйелдердің киім кию үлгісінен оларға тән әлеуметтік, жасына байланысты ерекшеліктерді ажыратуға болмайды. Әйтсе де, әсіресе оңтүстік өңірлерде, көбінесе ауылдық жерлердегі жиын-тойларда тұрмысқа шықпаған әйел затының орамалсыз, жалаңбас жүруі, ал келіндердің орамал тартуы, жасы келген әйелдердің жаулық тартып, кейде кимешек киюі қалыпты жағдай болып есептеледі. Осыған байланысты ұлттық-мәдени стереотиптерді де кездестіруге болады. Мысалы: *Өзге жақты көріппіз бе, біздің ауылда қыздар тек қып-қызыл орамал тартып жүретін. Кей қыздар әдебір әуестікпен сәл ақшылтым, ақ гүлі басымдау орамал тартса, үлкендер қатты сөгін тастайды. Ақ орамал мен қызыл орамалдың аралығы айқын, шекарасы берік. Күйеуге ұзатылған қызды "басына ақ орамал*



салды", "ақ орамал жарасады екен", тағысын-тағылар дейтін (М.Байғұт. Ақ орамалды қыз).



Қорыта келгенде, "қазақ әйелі" ұғымының лингвомәдени ерекшелігі қазақ дүниетанымында қалыптасып, тілде бекіген этномәдени, гендерлік стереотиптер арқылы ашылады. Қазақ әйелінің ойлау қабілеті, зейін-зерде ерекшелігі, парасат-пайым деңгейінің, мінезінің, еңбекқорлық, төзімділік, махаббат, сұлулық т.б. тілдік көрінісі этностың ерекше *этноәзектік концептілерін* құрайды; "қазақ әйелінің" *концептілік* бейнесі көркем және прецеденттік мәтіндерде, мифологияда, сакральды, топонимдік, антропонимдік т.б. жүйеде жасала отырып, оны символдық деңгейге көтереді. Ұлттық санада қалыптасқан, тіл арқылы сақталып, этномәдениеттің көрінісі ретіндегі, ұлтымызды біртұтас етіп ұйыстыратын ұйытқы күштің бірі де бірегейі ұлт тәрбиесіндегі ананың рөлін дәлелдейді. Бүгінгі қоғамдағы *ананың, әйелдердің* қоғамдағы орны мен қызметін арттыру күнделікті тұрмыс пен тәрбиедегі ана тілінің ұлтты ұйыстырушылық қасиетін, құдіретін күшейтумен тығыз байланысты екенін осы тектес зерттеулер нақты көрсетіп отыр.

Әдебиеттер:

- 1 Жинкин Н.И. Речь как проводник информации. - М.: Наука, 1982.
- 2 Шоқым Г. Тіл біліміндегі гендер мәселесі // ҚР ҰҒА Хабарлары. Филология сериясы. - №6, 2006. - 23-26 бб.
- 3 Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері: Филол. ғыл. канд. дис. - Алматы, 2006. - 117 б.
- 4 Гусейнова И.А., Томская. М.В. Гендерный аспект в текстах современной рекламы // Филологические науки. - 2000. - №3, с.81-91.
- 5 Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. - Алматы: Қазақстан, 1993. - 203 б.

РЕЗЮМЕ

В статье изложено лингвокультурное значение названий предметов одежды, относящихся к понятию "казахская женщина". Лингвокультурная особенность понятия формируется в мировоззрении народа и раскрывается при помощи гендерных стереотипов.

RESUME

The article presents the linguistic and cultural meaning of the names of clothes related to the concept "a kazakh woman". The linguistic and cultural peculiarity is formed in the outlook of the Kazakh and opens by gender stereotype.





ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ ЖЕДЕЛ ӨТКЕН ШАҚ ҚОСЫМШАСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

«Сөз таптары» деген лингвистикалық ұғым негізінде тілдің күнделікті өмірде атқаратын қызметіне байланысты, нақтылы сөздерді топтастыру үшін жасалған. Сондықтан да кез келген сөз табы тілдің тікелей қызметімен (функциясымен) байланысты.

Ал тілдің функциясы өз тарапынан тіліміздегі сөздердің алуан түрлі құбылыстарға ұшырауына тікелей әсер етеді. Демек тілдің қызметі сөз қолданысқа негізделген сөзжасамдар мен сөз өзгертудің түрлері мен типтерін анықтауға тікелей қатысты, соларға бағыт беріп отырады.

Тілдің функционалды сипаты – тіл білімінің лингвистика саласына қатысты мәселе, жалпы алғанда, тіл біліміндегі функция дегеніміз – тілдік тұлғалардың сөйлеу процесінде белгілі бір мақсатта жұмсалуды. Сонымен бірге функция тілдің барлық жүйесіндегі тілдік бірліктердің бір-біріне тәуелділігі мен өзара қарым-қатынасын білдіреді. Тілдік бірліктердің қызметі оның белгілі бір тілде атқаратын рөлін анықтаумен тікелей байланысты. Мысалы, сөйлемнің коммуникативті (бір нәрсе жайында хабарлау) және номинативті (бір нәрсені атау) функциялары бар. Осыған байланысты тілдегі әрбір тілдік бірліктердің басқа бірліктерге қарағанда белгілі бір өзіндік мақсатта жұмсалатыны, яғни олардың белгілі бір функциялары болатыны байқалады. Тілдік бірліктердің функциялары көп. Мысалы, деңгейлік функция тұрғысынан олар фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік, лексикалық т.б. деп бөлінеді.

Тіл дегеніміз – тек тіл зерттеушісінің көзқарасына ғана байланысты құбылыс емес, ол қоғамның әрбір мүшесіне тікелей байланысты объективті құбылыс, объективті шындық. Әрбір қоғам мүшесі оны қарым-қатынас жасау, бір-біріне әсер ету құралы деп есептейді.

Функция деген ұғымды ғалымдарымыз екі түрлі аспектіге бөліп береді. Олар: мүмкіндік пен мақсатты. Осы тұрғыдан лингвист-ғалым Еркебай Мергенбаев функция аспектісінің екінші түрі, ғылымда кең тараған түсінік бойынша, тілдік материалдың белгілі бір мақсатқа, ойға байланысты айтылатындығы деп түсіндіреді. Ал мүмкіндік деген түрін сол мақсатты тілдік бірліктер арқылы қалай жүзеге асыра алатындығы деп көрсетеді. Былайша айтқанда, тілдік бірліктердің функциясы дегенді тілдік бірліктердің функциялануы деп түсіндіреді [1, 10].

Функциялану деген ұғым жалпы алғанда бірнеше процесті қамтиды: айтуға ыңғайланған нәрсені іштей бағдарлау, мүмкіншіліктің ішінен ең қажетті тілдік материалды таңдап алу және мүмкіндікті белгілі бір мақсатты орындау үшін жұмсалатын функцияға айналдыру. Мысалы, *барады* деген сөз келер шақта және үшінші жақта жұмсалу мүмкіндігі бар. Солардың ішінен сөйлеуші қайсысын пайдалануды мақсат тұтса,





айталық, келер шақта айтқысы келе ме, жоқ, үшінші жақта айтқысы келе ме. сөзді сол бағытта айтады, соған мән береді. Демек, тілдік бірліктің функциясы деген, бір жағынан, белгілі бір мақсатты орындау қабілеттілігі болса, екінші жағынан, функциялаудың нәтижесі ретінде жүзеге асырылған, орындалған мақсат болып шығады. Функцияның бойындағы бұл екі түрлі аспект сөз саптау мен сөйлеу процесінде айқын көрінетіндігін айтып өтеді [1, 8].

Тілдік бірліктердің функцияларының ішінде біздің негізгі көңіл бөлетініміз грамматикалық бірліктердің функциясы болмақ.

Қазақ тіл білімінде сөз таптары мен сөзді өзгертудің қалыптасу тарихы грамматикалық категория ретінде қарастырылып келеді.

Тіл білімінде сөздерді морфологиялық, синтаксистік және фонетикалық ерекшеліктеріне қарай сөз таптарына бөлу – бұрыннан қолданылып келе жатқан тәсіл. Әрбір сөз табының коммуникативтік қызметіне байланысты өзіне тән негізгі белгісі болады.

Морфология ғылымының негізгі міндеттерінің бірі – тіліміздегі сөздерді белгілі бір сөз табына бөлу мәселесі. Бұл мәселеде, яғни қазақ тіліндегі сөз таптарының тұрақталып айқындалуы және олардың бір тәртіпке түсірілуіне Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев және А.Ысқақов, т.б. ғалымдарымыз ерекше үлес қосты [2, 222].

Жалпы алғанда, түркі тілдеріндегі сөз таптары семантикалық белгілеріне қарай атауыш сөздер, көмекші сөздер және одағайлар болып үш топқа бөлінеді. Атауыш сөз таптарына – зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеулер, еліктеуіш сөздер, көмекшілерге шылаулар, көмекші есімдер, көмекші етістіктер жатады. Одағайлар өз алдына жеке топ құрады. Осылардың ішінде атауыш сөздің қызметін атқаратын біздің негізгі тақырыбымызға тиістісі етістікке тән сөз өзгеру мәселесі болмақ.

Осы тұрғыдан қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасам тұлғасы түркі тіл білімінің тарихындағы сөз өзгерту мәселесімен тығыз байланысты.

Ол О.Н.Бетлингктің зерттеулерінің өзінде аталған тұлғалар «словообразование и словоизменение» деген атпен жіктелген екен. «Грамматика алтайского языка» атты еңбектің авторлары «сөзжасам» терминінің орнына «производство», «сөз өзгерту» терминінің орнына «грамматические формы» деген терминді қолданған. Бұл ұғымдар кейінгі грамматиктердің де еңбектерінде жіктеліп көрсетілді. Франциялық түркітанушылар Ж.Дени, Л.Базен «сөзжасамды» – «суффикс», «сөз өзгеруді» «окончание» деп атайды.

Ғалымдарымыз бұл ұғымды бір ізге түсіру өте қиын екендігін және оның түп негізі үндіевропа тіл білімімен ұштасып жатқандығын айтып өтеді. Э.В. Севортян: «Сөзжасам дегенде, сөзге жаңа мағына пайда болуы ескеріледі де, сөз өзгерту дегенде, бір сөздің екінші бір сөзге грамматикалық қатысы ескеріледі», - деп жазған [3, 310].

Қорыта айтқанда, сөзжасам басқа да тілдік жүйелер сияқты тіл тәсілдерінің жиынтығы болып саналады, лексикалық бірлікте бұрыннан бар мағынадан жаңа мағына тудыру үшін, жаңа фонема жасау үшін қолданылады.

Сөз өзгерту қосымшалары барлық сөз таптарында бірдей емес. Сөз таптарының ішінде сөз өзгерту қосымшаларына бай –





етістіктер. Басқа сөз таптарына қарағанда етістіктің сөз өзгерту қабілеті өте мол. Осы кезге дейінгі зерттеулерде етістікке тән аффикстердің бәрі сөзжасам жұрнақтар, етістік тудырушы жұрнақтар деген жалпы атпен аталып келеді.

Е.Мергенбасев «Қазақ тіліндегі сөзөзгерім жүйесі» атты еңбегінде етістікке тән жұрнақтарды іштей екі жікке, тіпті үш жікке бөліп қарастыру керек деген ой айтады. Оның біріншісі, етістік түбірден жаңа етістік тудырушы – туынды етістік жасаушы, сол сияқты басқа да сөз таптарынан туынды етістік жасаушы жұрнақтар. Екіншісі, сөздің сөйлемде қай мақсатта қолданылуына байланысты, тек сөйлем құрамында сөзге жаңа тұлға беретін, бірақ жаңа сөз жасай алмайтын жұрнақтар. Үшіншісін *сөзбайлам жұрнақтары* деген атпен қарастырған [1, 74].

Сөзбайлам дегенге тек көптік, септік, тәуелдік және жалғауларын жатқызамыз. Ғалымның айтуынша, осы мәселені қайта қарап, жаңаша көзқарас білдіру керек сияқты. Атап айтқанда, сөзбайлам аффикстердің санын тек төрт түрлі жалғаулармен ғана шектеп қоймай, тілдің ішкі заңдылығына сүйене отырып, оған тағы бір грамматикалық категорияның көрсеткішін қосу қажет болады деп қорытып, ол – етістіктің өткен шақ жұрнағы *-ды, -ді* қосымшасы екендігін басым көрсеткен [1, 74].

Шындығында, етістіктің *-ды, -ді, -ты, -ті* жедел өткен шақ қосымшасының басқа қосымшалармен тұлғаластығын оқушылар жаттанды түрде меңгеріп алып, қолданыста көп шатасады.

Қазақ тілінде тұлғалас қосымшаларды оқыту мәселесіне тоқталып өтсек. Оқушылар қосымшаларды бір-бірінен қалай айыра алатыны, қаншалықты меңгергендігін тәжірибе барысында көріп жүрміз. Кейде жақсы оқитын оқушылардың өзі де бұл қосымшаларды нақты айта алмай, бір-бірімен шатастырып жатады. Осы мақсатта теорияны практикамен байланыстыру оқушылардың білімдерін өмір қажетіне қолдану арқылы іске асады. Оқулықтағы теориялық материалдарды игеру онда берілген практикалық жаттығуларды қолдануына байланысты. Тұлғалас қосымшаларды өткенде төмендегідей сызбаны көрсетіп, әрқайсысына жеке мысалдармен тоқталып, дәлелдеп көрсете түсіндіру оқушы білімін тиянақтайды.

Енді осы сызбаны өтілген тақырыптар кезінде барынша мол мысалдармен дәлелдеп, оқушының көзін жеткізіп, жүйелі түсіндірсе, оқушының білімі берік болып қалыптасады. Біріншіден, табыс септігін өткенде сұрақ қоя отырып, «нені» деген сұраққа жауап беріп тұрғанына әрі қай сөз табынан болып тұрғандығына тоқталса, оқушы тез меңгерер еді.





Оқушылар сонда сөйлемді синтаксистік талдау кезінде де, морфологиялық талдау кезінде де етістікті зат есіммен де, сын есіммен де шатастырмайды. Екіншіден, қазақ тілінде есім сөздерден қатыстық сын есім тудыратын *-ды, -ді, -ты, -ті* жұрнақтары бар. Қатыстық сын есімдердің мағынасы өзіне негіз болған түбір сөздің мағынасымен байланысты. Мысалы: *құмды ауыл, көлді аймақ, т.б.* Осы мысалдардағы қосымшаларды табыс септігімен алмастырмау үшін оқушыға сұрақ қойдырып үйрету қажет. Сұрақ қою арқылы қандай сын есім екендігіне көзі жетеді. Үшіншіден, етістіктің қимыл, іс-әрекетті білдіретіндігі белгілі. Ал іс-әрекет, қимыл белгілі бір кезеңде іске асады, орындалады. Қимылдың өту кезеңі сөйлеушінің хабарлау кезімен немесе сөйлеп тұрған сәтпен айқындалады. Сөйлеп тұрған сәтке байланысты қимылдың өту кезеңін білдіру етістіктің шағы деп аталады. Шақтық мағынасы мынадай болуы мүмкін: 1) үнемі қайталанатын, дағдыға айналған іс-қимыл, сөйлеп тұрған кезде болып жатқан қимыл, іс-әрекет; 2) сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып кеткен қимыл, іс-әрекет; 3) сөйлеп тұрған кезде әлі болмаған, бірақ кейін болуға тиісті қимыл, іс-әрекет. Мысалы: *Өнер-білім бар жұрттар, тастан сарай салғызды (Ы.Алтынсарин). Жазғытұры қалмайды қыстың сызы, Масатыдай құлпырар жердің жүзі (Абай). Енді бүгін қарасам, айналам бақыт кең жатыр. Бірімен-бірі туысқан, Қол ұстасқан ел жатыр (Ж. Жабаев) [4, 86].*

Бұл сөйлемдердегі *салғызды, қалмайды, құлпырар, жатыр* етістіктері мезгіл, шақ мағынасын білдіруі жағынан бірдей емес. *Салғызды* деген салғызу қимылының сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып кеткенін білдірсе, *қалмайды, құлпырар* етістіктері қалмау, құлпыру қимылдарының әлі болмағанын, сөйлеп тұрған сәттен кейін болатынын, ал *жатыр* етістігі бұл қимылдың сөйлеп тұрған сәтте болып отырғанын білдіріп тұр.

Сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың болу мезгілі үш түрлі болады. Соған сәйкес етістіктің шақтары да үш түрге бөлінеді. Сөйлеп тұрған сәтке байланысты, яғни сол сәтте болып жатқан қимылды



осы шақ, әлі болмаған, бірақ кейін болатын қимылды **келер шақ**, сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып өткен қимылды **өткен шақ** білдіреді.

Етістіктің шақ категориясына жалпылама сипаттама беріп өттік, ал нақты қарастырып отырған мәселеміз етістіктің өткен шағы, соның ішінде жедел өткен шақ категориясы.

Жедел өткен шақ, әдетте қимылдың, іс-әрекеттің таяу уақытта болғанын, орындалғанын білдіреді.

Жедел өткен шақтың қалай жасалатындығын жоғарыда атап өткен болатынбыз. Етістікке *-ды, -ді, -ты, -ті* жұрнағы қосылу арқылы жасалып, жіктеліп қолданылады. Мысалы: *Асан домбыра тарт-ты, мен олең айт-ты-м. Сен үйге келме-ді-ң.*

Жедел өткен шақтың жіктелу үлгісі

жақ	жөкеше	Көпше
I	келдім, айттым, алмадым	келдік, айттық, алмадық
II II	келдің, айттың, алмадың келдіңіз, айттыңыз, алмадыңыз	келдіңдер, айттыңдар, алмадыңдар, келдіңіздер, айттыңыздар, алмадыңыздар келді..., айтты..., алмады...
III	келді..., айтты..., алмады...	

Осы кестеден көріп отырғанымыздай, жіктік жалғаулары жедел өткен шақ тұлғасындағы етістікке ерекше түрде жалғанады.

Жедел өткен шақтың жұрнағы (*-ды, -ді, -ты, -ті*)мен III жақтың жіктік жалғауын (*-ды, -ді, -ты, -ті*) шатастырмау керек. Бұл қосымшалардың тұлғасы, дыбысталуы бірдей болғанмен, мағынасы мен қызметі басқа.

жақ	жөкеше	Көпше
I	-м	-к, -қ
II II	-ң (анайы түрі) -ңыз, -ңіз (сыпайы түрі)	-ңдар, -ңдер (анайы түрі) -ңыздар, -ңіздер (сыпайы түрі) (жалғауы жоқ)
III	(жалғауы жоқ)	

III жақ жіктік жалғауы шақ мағынасын білдірмейді, ал жедел өткен шақ жұрнағы жақ мағынасын білдірмейді. Мысалы: *барыпты, барады* деген сөздерге соңғы *-ты, -ды* жалғаулары шақ (жедел өткен шақ) мағынасын беріп тұрған жоқ, қимылдың III жақ арқылы болатынын білдіріп тұр. Бұл сөздердегі шақтық мағына ол жалғаудың алдында тұрған *-ып, -а* тәрізді көсемше жұрнақтары арқылы берілген. Керісінше,





барды дегенде -ды жұрнағы шақ мағынасын беріп тұр да, III жақ мағынасын білдіріп тұрған жоқ. Өйткені I және II жақтарда (*бар-ды-м, бар-ды-қ, бар-ды-ң, бар-ды-ңыз, бар-ды-ңдар, бар-ды-ңыздар*) да қосымша сақталады, ал III жақтың арнайы жалғауы жоқ.

III жақтың жіктік жалғауы тек көсемшенің -ып, -іп, -п және -а, -е, -і жұрнағынан кейін ғана жалғанады: *кел-іп-ті, қара-п-ты, кел-е-ді, қара-й-ды*. Ал жедел өткен шақ етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне, етіс, болымсыз етістік тұлғаларына тікелей жалғанады.

Төртіншіден, демеулік шылау -ды, -ді, -ты, -ті дефис арқылы жазылады. Өзі тіркескен сөзге дефис арқылы жазылатындықтан мұны айыру қиынға түспейді.

Шығармашылық жеке тұлға қалыптастыруда тұлғалас қосымшаларды қолданып, кешенді түрде оқушы қабілеттерін арттыратын жаттығулар жүргізе отырып, бүгінгі таңдағы сабаққа қойылатын талапқа да негіздеу керек. Ең тиімдісі – аталған мәселеге байланысты жаттығу жұмысын жүйелі түрде әр сабақта өтіліп жатқан тақырыпқа сай жүргізіп отыру.

Әдебиеттер:

1. Мергенбаев Е. Қазақ тіліндегі сөз өзгерім жүйесі (Синтетикалық және аналитикалық талдау). Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1994. 128 бет.
2. Ысқақов А. Қазақ тілі. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. 2-басылым. – Алматы: Ана тілі, 1991. - 384 бет.
3. Севортян Э.В. К соотношению грамматики и лексики в тюркских языках // Вопросы теории и истории языка. - М., 1952.
4. Исаев С., Қосымова Г. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2003. - 208 бет.

РЕЗЮМЕ

В статье затрагивается вопрос об использовании суффикса глагола совершенного вида прошедшего времени в современном казахском языке. Для освоения данной темы следует систематично проводить упражнения на каждом занятии и опираться на современные методические требования к проведению уроков.

RESUME

The article touches the question of the usage of the verb suffixes in a perfect form, the Past tense in the Modern Kazakh language. In order to acquire the material, a teacher should arrange complex exercises at each lesson and base on the modern methodical requirements for lessons.





К ВОПРОСУ О СОБЛЮДЕНИИ ПРИНЦИПОВ ПОЛИТИЧЕСКОЙ КОРРЕКТНОСТИ В СРЕДСТВАХ МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ

К началу 21 века лингвистика прошла путь от полного игнорирования внеязыковых влияний до тщательной фиксации психологических, коммуникативных, социально-культурных, ситуативных условий языкового общения. Постулат Фердинанда де Соссюра изучать язык «в себе» и «для него самого» или принципы исследования языка в духе Л. Ельмслева воспринимаются как очень традиционный классический, но не современный подход к изучению лингвистических проблем.

Термин «политическая корректность» (political correctness) был впервые предложен Карен де Крау (Karen de Crow), президентом Американской Национальной организации в защиту прав женщин (National Organization for Women). Авторитетный американский словарь относит возникновение термина к 1983 году. С тех пор этот термин, подразумевающий особую манеру поведения, общения, систему оценок, получил широкое распространение сначала в американских студенческих городках-кампусах, а затем стал активно использоваться и во всех остальных сферах. Сегодня политическая корректность – обязательная часть языковой практики западного, в первую очередь американского, общества.

Под политической корректностью принято понимать «стремление найти новые способы языкового выражения взамен тех, которые задевают чувства и достоинства индивидуума, ущемляют его человеческие права привычной языковой бестактностью и/или прямолинейностью в отношении расовой и половой принадлежности, возраста, состояния здоровья, социального статуса, внешнего вида и т.п.» [1].

Сама идея быть политически корректным или просто соблюдать языковой такт существует уже очень давно.

Данная статья посвящена проблеме соблюдения принципов политкорректности в современных СМИ: англоязычной и казахстанской прессе. Цель нашего исследования: выявить способы достижения адекватности перевода с позиций политической корректности как одного из основополагающих прагматических регулятивов современного английского языка.

Язык, как известно, теснейшим образом связан с менталитетом, культурой, традициями его носителей, поэтому многие процессы и явления, происходящие в обществе, находят отражение в системе языка. Английский язык, как один из наиболее динамично развивающихся языков мира, претерпел за последние десятилетия значительные изменения, которые во многом определены изменениями в общественной





сфере. Неслучайно, что именно в мире английского языка возникла мощная культурно-поведенческая и языковая тенденция, получившая название “политической корректности” (Political Correctness – P.C.) Как отмечает С.Г. Тер-Минасова в монографии “Язык и межкультурная коммуникация”, “эта тенденция родилась более 20 лет назад в связи с “восстанием” африканцев, возмущенных “расизмом английского языка” и потребовавших его “дерасиализации” – “deracialization”[2].

Само понятие политической корректности довольно многоаспектно и понимается неоднозначно. Например, Н.Г. Комлев в “Словаре иностранных слов” дает следующее определение: «Политическая корректность, политкорректность – утвердившееся в США понятие – лозунг, демонстрирующее либеральную направленность современной американской политики. Политкорректность имеет дело не столько с содержанием, сколько с символическими образами и корректировкой языкового кода. Речь декорируется знаками антирасизма, экологизма, терпимого отношения к национальным и сексуальным меньшинствам, борьбы против СПИДа. Терпимость манифестируется в смягченных выражениях (например, вместо “черные” – “афроамериканцы”, вместо “инвалиды” – “нуждающиеся в физической поддержке”»)[3].

Зарубежные авторы концентрируют свое внимание на том, что явление политкорректности возникло и распространилось на территории американских колледжей и университетов, как центров науки и культуры, а также благодаря этническому и расовому многообразию студенчества. В предисловии к книге “Are You Politically Correct?” Ф.Беквит и М.Бауман дают определение политической корректности как “сети взаимосвязанных идеологических воззрений, которые подвергают сомнению основы университетского образования: традиционный учебный план, взгляды на объективность получаемых знаний, придавая значение культурным, половым, классовым и расовым различиям”[4].

В последнее время в США разгорелись дебаты по поводу влияния идей политической корректности на общество и язык.

Центральными темами этих споров стали проблемы мультикультурализма (multiculturalism) и языковых кодов (speech codes).

Мультикультурализм определяется как “философия образования, подчеркивающая уникальный вклад различных культур в историю человечества”[5]. Сторонники мультикультурализма призывают отказаться от необходимости строить обучение и воспитание на принципах западной или, как ее еще называют “евроцентрической” (eurocentric) культуры. Более того, считается, что набор в высшие учебные заведения должен проводиться с учетом половой и национальной принадлежности абитуриентов, а не только по достижениям в учебе. Эти идеи значительно изменили характер и цели обучения в американских школах, колледжах и университетах. Понятие мультикультурализма постепенно расширяется, охватывая не только расовые и этнические группы, но и религиозные и сексуальные меньшинства, общественно-политические движения, например феминизм.





Понятие языкового кода было введено американскими социолингвистами в 1962 году. Р.Т.Белл полагает, что “имеются нормы поведения, которыми индивид должен в глазах окружающих в большей или меньшей степени следовать, причем некоторые из этих норм будут нормами языкового поведения – кодами соответствующего языка”[6]. Следовательно, явление политической корректности связано с изменением норм языкового поведения в современном английском языке. В основном, это касается ограничений на употребление того или иного слова или выражения в определенной ситуации. Например, на территории многих американских университетов появились правила, запрещающие использовать “расистские” и “сексистские” слова. Так, в пресс-релизе Смит-Колледжа перечислены термины, обозначающие формы дискриминации: “аблеизм” (ableism) – притеснение лиц с физическими недостатками, “этноцентризм” (ethnocentrism) – дискриминация культур, отличных от доминирующей, “гетеросексизм” (heterosexism) – дискриминация лиц с нетрадиционной сексуальной ориентацией, “лукизм” (lookism) – создание стандартов красоты и привлекательности и ущемление прав тех, кто этим стандартам не соответствует. Дискриминация может проявляться не только в каких-либо действиях, но и в словесных формах (verbal harassment hate speech). Во избежание такого вида дискриминации и создаются политически корректные термины.

Литература:

1. Корти М. Столкновение культур и политическая корректность // Независимая газета, 24.03.2003. http://www.ng.ru/courier/2003-03-24/14_islam.html
2. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация: (Учебное пособие).- М.: Слово/Slovo, 2000.-С.215.
3. Комлев Н.Г. Словарь иностранных слов. Более 4500 слов и выражений. – М., 2006.-С.45.
4. Francis J. Beckwith and Michael E. Bauman. Are You Politically Correct? Prometheus Book, Buffalo, 1995.
5. Остроух И.Г., Остроух А.В. Политическая корректность как опыт формирования толерантного сознания. -М., 1996. - 272с.
6. Белл Р. Социолингвистика: Цели, методы и проблемы. – М.:Межд. Отношения, 1980.- 318 с.

ТҮЙІН

Мақала БАҚ-тағы саяси корректілік принциптерін сақтау мәселесін қарастырады. Саяси корректілік дегеніміз – жеке тұлғаның намысына тиетін, азаматтық құқықтарын бұзатын, адамның нәсілдік, жыныстық ерекшеліктеріне тиетін сөздерді басқа, жаңа тіл амалдарын табуға тырысу.



RESUME

The article considers the correctness of political principles of the problem. The political correctness means attempting to avoid the words hurting and humbling person's dignity, human rights and emphasizing his sexual or racial peculiarities.



СТИЛИСТИКА ГАЗЕТНОЙ РЕКЛАМЫ КАК ЖАНРА

Реклама – явление чрезвычайно многогранное и многоаспектное. Она рассматривается с разных сторон и изучается экономистами, маркетологами, психологами, социологами, журналистами, историками, дизайнерами. Реклама также является предметом лингвистического исследования, хотя изучать рекламный дискурс в рамках только лингвистического подхода, без привлечения смежных с языкознанием наук, практически невозможно.

Каждая из наук анализирует рекламную деятельность, используя с этой целью свою методологию, собственный понятийный аппарат.

В рамках экономики, например, реклама рассматривается в качестве механизма продвижения товара на рынок, условия повышения уровня его продажи. Современная реклама – это мощная индустрия, предполагающая наличие и функционирование различных экономических субъектов, в числе которых рекламодатели, рекламные агентства, средства распространения рекламной информации, различные научно-исследовательские и технические службы.

Юридическая наука разрабатывает нормативные акты, регулирующие рекламную деятельность.

Социологическая наука рассматривает рекламную деятельность с позиций функционирующего общественного института, оказывающего неоспоримое влияние на социально-политические и культурные процессы в обществе, способствующие его изменению.

Психология традиционно рассматривается в качестве одной из наиболее важных для рекламной деятельности наук. Психология изучает механизмы влияния рекламы на психику человека, восприятия рекламных материалов, особенности потребительского поведения и его изменения под воздействием рекламы. Эффективность рекламного сообщения в значительной степени зависит от знания психологических характеристик его целевой аудитории. Психологическая наука исходит из того, что реклама – это процесс информирования населения о товаре, ознакомления с ним, убеждения в необходимости его покупки. Главная задача рекламы состоит в том, чтобы побудить людей приобрести этот товар, поэтому в ее основе лежит психологическое воздействие на потребителя, реализуемое в окончательном итоге в восприятии содержания рекламного сообщения и следовании его указаниям.

Журналистика акцентирует внимание на вопросах создания эффективного рекламного сообщения, принципах и особенностях его построения, как принадлежности к массовой информации. Это объясняет как выбор основного средства передачи информации, так и характер воздействия, оказываемые текстами рекламы, которые, если следовать определению В.В. Ученовой и





Н.В. Старых, распространяются как "информативно-образные, экспрессивно-суггестивные тексты" [1].

Объектом изучения лингвистов являются вербальные способы организации информации в рекламном тексте.

Рекламный текст, основанный на использовании выразительных возможностей средств языка всех уровней, оказывает значительное влияние на формирование различных стереотипов и образа жизни современного общества. Реклама направлена на пропаганду и продвижение новейших достижений в области торговли и услуг, на создание образа "идеального" товара, специфически воздействуя на адресата и формируя его стратегию поведения и мировоззрение в данном ключе. Этим объясняется неослабевающий интерес учёных к кругу проблем, связанных с изучением рекламы и её языка. Существует множество определений самого явления рекламы. Приведем некоторые из них.

Авторы популярного учебника "Современная реклама" К.Бове и У.Аренс определяют рекламу следующим образом: "это персонифицированная передача информации, обычно оплачиваемая и обычно имеющая характер убеждения о продукции, услугах или идеях известными рекламодателями посредством различных носителей" [2]. Важным звеном в этом определении является упоминание о характере убеждения и направленности на массовую аудиторию. Профессор Ж-Ж. Ламбен характеризует рекламу в качестве "односторонней коммуникации, исходящей от спонсора, желающего прямо или косвенно поддержать действия фирмы" [3]. Односторонность коммуникации указывает на отсутствие обратной связи в распространении рекламы. Хотя большинство авторов указывают на обязательный двусторонний характер целевого процесса рекламодатель - потребитель.

В представлении американских философов Ч.Сэндидж, В.Фрайбургера, К.Ротцолла реклама – это "форма коммуникации, которая пытается перевести качества товаров и услуг, а также идеи на язык нужд и запросов потребителя" [4]. Ключевым здесь является также принадлежность рекламы к массовой коммуникации.

Определение рекламы, предлагаемое другими американскими специалистами У. Уэллсом, Дж. Бернетом и С.Мориарти как бы объединяет два вышеприведенных: "Реклама – это оплаченная, неличная коммуникация, осуществляемая идентифицированным спонсором и использующая средства массовой информации с целью склонить (к чему-то) или повлиять (как-то) на аудиторию" [5].

Их коллеги Д.Росситер и Л.Перси рассматривают рекламные коммуникации как "непрямую форму убеждения, базирующуюся на информационном или эмоциональном описании преимуществ продукта" [6]. Развивая эту мысль, американский специалист по психологии массовых коммуникаций Ричард Харрис определяет рекламу как "тип коммуникации, предназначенный для убеждения (то есть он оказывает то или иное воздействие на слушателя или зрителя). Этот эффект может сказываться на поведении (вы покупаете рекламируемый товар).

установках (вам нравится такая продукция), и /или реклама окажет на вас когнитивное воздействие (вы узнаете о свойствах данного товара" [7].



Известный французский идеолог рекламы А. Дейян имеет свое видение рекламы: реклама – это "платное, однонаправленное и неличное общение, осуществляемое через средства массовой информации и другие виды связи, агитирующие в пользу какого-либо товара, марки, фирмы (кандидата, производства)" [8].

По мнению О.А.Феофанова, реклама – это "комплекс психологических мер воздействия на сознание потенциальных потребителей с целью активного продвижения на рынок объектов рекламы, а также с целью создания позитивного имиджа фирме, организации и отдельным институтам общества"[9].

Е.В. Ромат писал, что реклама – это "специфическая область социальных массовых коммуникаций между рекламодателями и различными аудиториями рекламных обращений с целью активного воздействия на эти аудитории, которое должно способствовать решению определенных задач рекламодателя" [10].

Анализ приведенных выше дефиниций (по сути, далеко не всех) показывает, что практически все авторы сходятся в первую очередь в одном: реклама – определенная форма массовой коммуникации (Ж. – Ж. Ламбен, Р. Харрис, Д. Расситер и Л. Перси, Ч. Сэндидж, В. Фрайбургер, К. Ротцолл, К. Бове и У. Аренс, Е.В. Ромат). И второе, важное для видового описания особенностей рекламы, – характер рекламного обращения и его воздействие на массовое или индивидуальное сознание, оказываемого текстами рекламы (К. Бове и У. Аренс, Д. Росситер и Л. Перси, Р. Харрис, А. Дейян, О.А. Феофанов, Е.В.Ромат).

Обобщая вышеизложенные подходы к определению рекламы, представляется возможным взять за основу следующее понимание данного феномена: *реклама – это одна из форм массовой коммуникации, в которой создаются и распространяются оплаченные рекламодателем информативно-образные, экспрессивно-суггестивные тексты однонаправленного и неличного характера о товарах, услугах, идеях и оказании психологического воздействия на массовое и индивидуальное сознание потребителей с целью побудить их к нужным рекламодателю выбору и поступку.*

Стремление просчитать формулу успеха приобретения товара привело производителей к попытке определить стадии воздействия на психологию потребителя и исследовать анатомию принятия решения. В результате в мировой рекламной практике для определения последовательности психологического воздействия, способного привести к желаемому результату, покупке товара, стала применяться формула AIDA,

где А – внимание(attention);

I – интерес (interest);

D – желание (desire);





А – действие (activity).

С течением времени данная формула была несколько модифицирована и в неё был включен еще один элемент: М – мотив. Формула приняла вид – AIMDA.

Рекламный текст должен отвечать основным задачам рекламы в целом. Конечной целью рекламного текста является убеждение читателей в пользе рекламируемого товара, услуги, компании и т.д. Эффект воздействия рекламы основан на правильном использовании ряда лингвистических и психологических феноменов и закономерностей. Говоря о языке рекламных сообщений, мы ведем речь об использовании языка в *профессиональных* целях, результатом которого является порождение сообщений, *ориентированных на определенную аудиторию и выполняющих определенные задачи*.

Создание рекламы – это творческий процесс, основанный на профессионализме, на определенной совокупности знаний и навыков, поэтому и составление рекламного текста требует знания определенных правил и закономерностей, в том числе правил построения грамотного и выразительного текста.

Основные требования, которым должен соответствовать рекламный текст, сводятся к следующему:

1. Убедительность. Позиция автора должна быть поддержана – фактами, цифрами, документами – настолько, чтобы убедить читателя в точном отражении событий.
2. При работе над текстом редактору следует иметь в виду, что действенность рекламного обращения активно повышают оценочные клише – так называемые «ключевые слова», вызывающие у человека эмоции и способствующие формированию положительных установок по отношению к объекту рекламы. В качестве оценочных клише чаще всего употребляются прилагательные «новый», «надежный», «удобный», «эффективный», «универсальный» и др. Сами ключевые слова не имеют экспрессивной окраски, но благодаря своей семантике создают в контексте эффект положительной оценки.
3. При отборе слов рекомендуется в большей мере пользоваться глаголами, побуждающими к действию, делающими текст динамичным, а также конкретными существительными. Анализируя грамматическую сторону рекламного текста, редактор должен принимать во внимание его семантические особенности – предельную конкретизацию и на первый взгляд смысловой примитив, поскольку в нем говорится о совершенно определенных объектах. С морфологической точки зрения для языка рекламы характерна более высокая доля существительных в сравнении с другими частями речи. Такое явление характерно и для синтаксического строя рекламного обращения. Текст, как правило, состоит из простых, часто назывных предложений, упрощенных грамматических конструкций.
4. С целью привлечения внимания потребителей и необходимостью сделать экспрессивными наиболее важные элементы в синтаксисе рекламных текстов применяют различные выразительные средства высказывания, так называемые стилистические фигуры – обороты речи,



синтаксические построения, используемые для усиления выразительности высказывания. Например, инверсию, позволяющую выделить главную идею рекламного обращения, привлечь внимание необычным построением фразы. Наиболее распространены антитеза, которая позволяет подчеркнуть достоинства рекламируемого предмета, выделить его положительные качества («Простые решения сложных задач», «Широкий экран по низкой цене»), параллелизм («Выигрываете вы - выигрывает спорт»), анафора и эпифора - повторение начального или конечного слова или словосочетания в каждом параллельном элементе текста («Новые решения, новые возможности»), лексический повтор («Проблема с иностранным? Нет проблем» - реклама курсов иностранного языка).

5. Рекламный текст должен быть оригинальным, неповторимым в деталях, занимательным, остроумным.

6. В тексте могут использоваться вопросительные предложения и обращения. Они способствуют созданию необходимого эмоционального настроя у читателей («Как изучить иностранный язык дома? Поступайте в ЕШКО»; «Что делает Audi 6 уникальным автомобилем? Новая гамма сверхмощных двигателей? Стремительный силуэт и комфорт просторного салона? Или шанс выйти за пределы возможного? Вы узнаете это»).

7. Для оживления рекламного текста в него включается прямая речь («Если хотите похудеть, откройте для себя эффективный метод - метод Super. Все, кто им уже воспользовался, скажут Вам: «Никогда так легко не худели!»»).

8. Текст должен быть грамотным. Наиболее распространенные стилистические ошибки в рекламе связаны с неточным словоупотреблением, нарушением лексической сочетаемости и формообразованием, неверным построением предложения, неудачным порядком слов, нарушением согласования и управления.

9. В тексте рекламы активно используются многочисленные образно-выразительные средства языка, подчеркивающие достоинства рекламируемого товара и формирующие в сознании читателя определенный «образ» этого товара.

К таким средствам языка относятся: многозначность - обыгрываются различные значения одного и того же слова и выражения («Без очков - сто очков» - реклама офтальмологической клиники); эпитеты - «Отличное качество от лучших производителей плюс прекрасное обслуживание в фирменных магазинах»; сравнения - «Наши шелковые ткани легки, как воздух»; метафоры - «Больше звезд, чем на небе»; метонимия - «МИР вашему дому»; гипербола - «Море возможностей, океан фантазии» - реклама мебели; олицетворение; перифраз - «У нас покупает автомобиль тот, кто умеет экономить»).

В рекламных текстах иное значение имеют знаки препинания. Так, иногда нормативно употребляемые знаки отсутствуют, что мотивируется и компенсируется шрифтовым выделением частей предложения. Кроме того, знаки препинания в рекламе могут выполнять сигнальную функцию, т.е. привлекать внимание читателей к содержанию. Особенно





часто используется тире, причем нередко его постановка связана с интонационным и зрительным выделением ударного рекламного слова. Двоеточие используется в конструкциях, распадающихся на две части: первая называет предмет рекламы, а вторая содержит его конкретизацию. Восклицательный знак особенно часто используется в концовках и зачинах. Многоточие - для обозначения незаконченности высказывания или при неожиданном повороте мысли.

Общими для всех рекламных текстов являются следующие требования: простота языка, лишенного пышности и вульгарности; тональность, напоминающая доверительный разговор с умным собеседником; информативность и доказательность; оригинальность и неповторимость.

Специфика комбинирования выразительных средств языка и своеобразие стиля, метафоричность, своеобразие лексики, синтаксиса журнальных рекламных текстов обуславливают лингвистическую форму многомерного и интертекстуального фрагмента языковой картины мира. Язык рекламы с помощью средств массовой информации прочным образом входит в речевой обиход, отражая окружающую действительность, обновляя привычный набор языковых средств. С изменением языка, стиля подачи материалов в СМИ язык рекламы также претерпевает определенные модификации, создавая совершенно новые ценности, основанные на самосознании адресата, на утверждении его индивидуальности, самопознании и самовыражении.

Литература:

1. Ученова В.В., Старых Н.В. История рекламы, или Метаморфозы рекламного образа. Учебник для ВУЗов. М.: ЮНИТИ-ДАНА, 1999.-С.13.
2. Бове К., Аренс У. Современная реклама. М.: Довгань, 2001. - С.56.
3. Ламбен Ж-Ж. Стратегический маркетинг: Европейская перспектива. -М.: Наука, 1996.- С.98.
4. Сэндидж Ч., Фрайбургер В., К.Ротцолл. Реклама. Теория и практика./ Пер. с англ. М.: Прогресс, 1989. - С.124.
5. У. Уэллс, Дж. Бернет.,С.Мориарти. Реклама: принципы и практика./ Пер. с англ. СПб.: Питер,2001. -С.46.
6. Росситер Дж. Р., Перси Л. Реклама и продвижение товаров. СПб., 2001.- С.88.
7. Харрис Р. Психология массовых коммуникаций. М., 2004.- С.147.
8. Дейян А. Реклама. /Пер. с франц. М.: Прогресс, 1993. - С.115.
9. Феофанов О.А. Реклама: Новые технологии в России. СПб.: Питер,2000. -С.136.
10. Ромат Е. Реклама в стиле маркетинга: Учеб. пособие. -Харьков: Харьк. гос. Академия технол. и орг. питания,1995.- С.153.



ТҮЙІН

Мақала газет жарнамасын жанры ретінде қарастырады. Жарнама – көпқырлы құбылыс. Ол түрлі жақтан қарастырылып, экономист, маркетинг, психолог, социолог, тілші, дизайнер және тарихшы мамандар тарапынан зерттелуде. Сонымен қатар, жарнама лингвистикалық зерттеу объектісі болғанымен, мақалада оның басқа да ғылымдармен байланысы көрсетілген.

RESUME

The article considers advertisement as a genre. Advertisement is a many-sided phenomenon. It is studied from different sides, economists, psychologists, sociologists, journalists, designers and historians. Though advertisement is a linguistic phenomenon, the article considers its connection with the other sciences.



ФАРИЗА ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ СИПАТ

Ақын – халықтың адамы. Елімен бірге егіліп, халқымен бірге танылғандар ғана еліне елеулі, халқына қалаулы. Алла жанын нәзік етіп жаратса да, нар көтерер жүкті арқалап жүріп, қалың қауым ортасынан ойып тұрып орын алар халқымыздың қаһарман қыздары аз емес.

Әрқайсысының өзіндік бет-бейнесі, болмыс–мінезі бір–біріне ұқсамайтын даралық қасиеттері бар. Сондай бір даналық пен даралықтың нышаны Фариза апамыздан көруге болады. Ақын мұрасы – ай, күн, жер сияқты ортақ. Оны еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін шама-шарқынша оқып-білуіне болады.

Қазақ өлеңін қадірлейтін қауым 2009 жылдың аяғында Астанадағы Конгресс-холл сарайында көрнекті ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Фариза Оңғарсынованың 70 жылдық мерейтойын шын жүректен қуана қарсы алғанын, ақын апамызды алқалаған алты алашты көгілдір экраннан көріп, баспасөз беттерінен оқыдық. Осы уақытқа дейін халқын жауһар жырымен сугарып келген ақын апамызға оқырманы ретінде өлеңдерін жүрегімізбен қабылдай отырып, біз де ақынды көзі тірісінде дәріптеп өлеңдерінен өз керегімізді алып жүрміз деп айта аламыз.

Ақын өлеңдеріне терең үңілгенде ғана оның өзге ақындардан ерекше дүниетанымын байқауға болады.

Дүниетанымдық сипат ғылымда “когнитивтік көзқарасқа”, негізделеді.

Когнитивтік көзқарас деген ұғымға негізделген қазіргі ғылыми парадигмаға көптеген теориялар жатады. Олар негізделген концепция ойлауды дүниені қабылдау көріністерінің жүйесі ретінде қарастырады. Ол ғылыми бағыттың өзі адам білімінің және оларды жеткізудің түрлі тәсілдері мен типтері туралы ілім ретінде танылады [1,145].

Қазақ әдебиетінің классигі С.Мұқанов “Өнершінің шеберлігі жалпыдан сөз асыруда. Адам баласының сөзі - өнер, бірақ ол сөз, сөз қалпында көркем емес. Ол сөздерді құрастырып тере білгенде ғана көркем болады. Музыка дыбыстан құралады, бірақ барлық дыбыс музыка емес. Поэзия сөзден құралады, бірақ барлық сөз поэзия емес. Егер поэзия таңдамалы сөзден тұрса, ол таңдамалы сөздер таңдамалы дыбыс құрылысын, таңдамалы ырғақты, таңдамалы үйлесті керек қылады. Ақынның шеберлігін көрсететін нәрсе осыларды таба білуде,,- деп атап көрсеткен [2,37].

Оқырмандарының таным – талғамына салт өлеңдерінің болуының өзі ақын апамыздың кезінде мұғалімдік жолда болып бала сезімін түсінуін оның “Мұғалімдік – киелі мамандық. Ол үлкен, жан-жақты, терең білімдарлықпен қатар аса сезімтал болуды талап етеді. Әр бала – тұнып тұрған сезім. Олардың пианинаның тіліндей сезім пернелерін тура баса алсаң ғана, жан дүние әлеміне ене аласың. Әйтпесе олар





маңайлатпайды" деп бала бағбаны мен балаға берген бағасынан да шығар-ау?! [3,8].

Мектеп табалдырығын аттап, әліппені жаттап онымен қоштасқан соң, оқушының қолға ұстайтын – ана тілі оқулығы. Сол ана тілі оқулығында Фариза апамыздың екі өлеңі берілген. Бірі «Ботақан» өлеңінде ақын төрт түліктің төресі – түйенің төлі бота болса, ботақан ұғымын айқындай түсу үшін «бөбегім» сөзін қолданады. Ақын балалардың төрт түлікке деген қамқорлығын арттыра түсу үшін

Ботаканым – бөбегім

Шыркайтұғын өлеңім, - деген өлең жолдарымен оқушы санасына ене отырып,

Бөбегімдей тәй басқан,

Сені жақсы көремін

Мәпелейін бағайын,

Мойыныңды тарайын, - деп оқушы назарын ботаға аударып,

Сен де менен именбе,

Жатырқама жиренбе

Апашым да өзімді

«Ботам» дейді сүйгенде, - деп кішкентай оқырманын ботамен тілдестіреді [4,26].

Осы ана тіліндегі ақынның келесі бір өлеңі «Ең жақын адам» деп аталады. Онда ақын:

Еркелесем, күлімдейтін,

Ұрысқаны білінбейтін

Мандайымнан иіскеп менің,

«Құлыншағым, күнім» дейтін – кім? – деп кішкентай оқырманын сұрайтындай көрінеді. Бұл жерде ақын «Ана – бақыт, ана – жыр» деп жар салмайды, бала үшін еңбегін сіңірген, түн ұйқысын төрт бөлген жанның қандай екенін айта отырып, үш әріптен тұратын күдіретті жанның есімін баланың өзі табуына ықпал етеді [4,50].

1-сыныпта Фаризаның екі өлеңімен танысқан оқушы 2-сыныпта үш өлеңімен танысады. 1-сыныпта анасының қандай екенін білген бала, 2-сыныпта ақынның «жылу» өлеңі арқылы өз анасы үшін мақтана алады. Өйткені өлең жолдарының өзі:

Жылылықтан жаралған

Құшағы оның – таң мекен

Менің айдай анамнан

Асқан сұлу бар ма екен?!

Мейірім – нұр төгілген,

Күн көзіндей жанары

Ойымды оқып өңімнен,

Дірілдейді қабағы

Жердегі бар тағамнан

Ана сүті нәрлі екен

Бұл жалғанда анамнан

Сүйікті адам бар ма екен?! – ақын дүниетанымының кеңдігін көрсетеді. Өлеңнің үш шумағында да айтылатын ой ана болса, сол





құдіретті жылуы мол жанды табиғатпен қатар қойып суреттейді. Ана құшағын жаңа атып келе жатқан таңмен суреттеп, сұлулығын айға теңгеріп, мейірімін күнге балап, ана сүтін жер бетіндегі бар тағамдармен салыстыра келіп, артығын таба алмай, бала сезімін ана құдіретіне табындырып қояды [5,68]. Келесі «әже» өлеңінде немересі үшін барын беретін қамқор әжелерді:

Тентек болсам ашынып,
Жақсы іс қылсам, асырып
Маған сақтап жүреді

Тәттіні де жасырып, - деп бала сезімінен орын алатындай етіп суреттеген [5,69]. Осы оқулықтағы ақынның үшінші өлеңі – «Археолог» деп аталады. Мұнда оқушы «археолог» деген жаңа ұғыммен таныса отырып, ол мамандық иесінің немен айналысатынын да осы өлең арқылы біледі.

2-сыныпқа дейін көзіне көрінген, жер бетіндегі заттар мен құбылыстармен танысқан бала жер астында да не бар екенін, онымен де айналысатын мамандық иесі бар екенін:

Аталардың шақшасын,	Еңбек еткен бұлданбай,
Патшалардың ақшасын	Ер ағалар бұл қандай?
Ағаларды мақтайды ел	Батыр бабам барлай кеп
Соның бәрін тапқасын	Бізге қарап тұрғандай, - деген

жолдар арқылы біле алады.

Ал 4-сыныпта Фаризаның екі өлеңі берілген. Соның бірі «Қанат туралы хикая» деп аталады.

Өлеңде ақын «құс – қанатты досымыз болса, баланың жанашырлық сезімін күшейту мақсатында сол құстың балапанын жерге домалатып түсіреді. Бір қанаты сынған балапанға оқырманына дәрі жақтырады. Десе де балапан жалғыз қанатымен қалықтай алмай, сынған қанатын ауырсынып сенделеді. Балапан қайғысын сезінген бала өзінде де қос қанат бар екенін байқап, оның бірін - әкесіне теңесе, бірін анасына балайды. Қос қанатының да аман болуын, сонда ғана жарасымды, бақытты өмір сүретінін өлеңі арқылы ақын бала сезіміне ұялатады [6,212]. Осы сыныптағы «Зергерлік» өлеңінде тағы бір мамандықтың қырын аша отырып:

Балқытып ап күмісті,
Сапырады судайын
Осы жұмыс ырғағы
Білезік пен алқаны
Сақинаны, сырғаны

Күміс сымнан тартады, - деп аналарының тағынып жүрген асыл бұйымдарының өзі адам еңбегімен келетінін және ол да бір мамандық аталатынын көрсетеді.

Көрсен қайран боласың –

Мақтанышы ол бір елдің, - деген жолдар да бұл мамандықтың кез келгеннің қолынан келе бермейтіндігі айтыла келіп, ат-әбзелдеріне қатысты

Күмістейді тағасын,
Таралғы мен жүгенін





Деменіздер бұл қалай,
Күмісті де илеген, - деген ойлар да қозғалады.
Осы өнерді мұрадай

Зергерлерден үйренем! — деп ақын зергерлік сәні мен қызықтыра келіп, оқушы санасына тағы бір мамандықтың сырын жеткізеді.

Өлеңді өміріне өзек еткен Фариза апамыздың терең поэзиясынан ересектермен қатар, балапан жүрек бала да алатын өмірлік азық бар екеніне көз жеткіздік. Жатырқамай, жасқанбай үлкен де, кіші де өлеңдеріңнен қуат алатын не деген дархан едің, Фариза апа!

Әдебиеттер:

1. Исакова С.С. Қазақ терминтанымы: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі. -Алматы, 2007.- 169 б.
2. Мұқанов С. Шығармалар жинағы. -Алматы, 1978. - 243 б.
3. Оңғарсынова Ф. Шығармалар жинағы. -Алматы, 2004 ж. 289 б.
4. Нұрғали Р. Таза бұлақтан су ішкендей боласың// Егемен Қазақстан газеті, 2007 жыл, 7 қараша.
5. Оңғарсынова Ф. Шығармалар жинағы. Алматы, 1986 ж.- 176 б.
6. Оңғарсынова Ф. Шығармалар жинағы. Алматы, 1982 ж. - 274 б.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена творчеству знаменитой поэтессы, государственного и общественного деятеля Фаризы Оңғарсыновой. Изучая ее произведения, можно заметить особое мировоззрение поэтессы и глубокий поучительный характер стихотворений. Они остаются популярными в течение многих лет и продолжают вдохновлять как представителей старшего, так и младшего поколения.

RESUME

The article is devoted to the creative activity of the famous poetess, state and public figure Fariza Ongarsinova. Studying her works, one can notice special world-outlook and deep educative character of poems. They have been popular for many years and continue to inspire older and younger generation at the same time.





Б. МОМЫШҰЛЫНЫҢ «МОСКВА ҮШІН ШАЙҚАС» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Біз патриотизм дегенде нені түсінеміз? Отанды бар жан-тәнімен беріле сүю, Отан үшін адалдықпен еңбек ету және бойындағы ізгі қасиеттердің бәрін Отанға арнау, оның гүлденіп, көркейіп, құдіреттене түсуі үшін бар ынта-пейілімен қызмет жасау, Отанның мүддесі мен абырой атағына кір келтіруді намыс санау, сондай-ақ Отанның тәуелсіздігі мен тұтастығын жан-тәнімен қорғау. Осы бір асыл қасиетті бойында қасық қаны қалғанша ұстай алған азамат, гвардия полковнигі, Кеңес Одағының батыры, қазақ әскери әдебиеттің негізін қалаған белгілі жазушы Бауыржан Момышұлы дер едік.

Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарында Б.Момышұлы 316-атқыштар дивизиясының құрамында, панфиловшылардың қатарында Москва қаласын жаудан қорғауға белсене араласты. Аға лейтенант шенінде ол әуелі батальон, соңынан полк пен дивизия басқарды. Сол кезде ол бар-жоғы капитан ғана еді. Сол жастығына қарамай-ақ ерен ерлік жасады.

Көсем тұлғалы қайраткерлігі мен жауынгер қолбасшылығына шешендік қасиеті қоса дарыған ол қазақ әскери ғылымын ұлттық және жалпыадамзаттық деңгейде танытты. «Мен солдатпын, академияны өмірдің өзінен – ұрыста өттім, осы тұрғыдан қарағанда, менің соғыс туралы ойлануыма негіз бар сияқты» немесе «менің әдебиеттік ешқандай білімім жоқ. Мен халықпен, көпшілікпен қоян-қолтық араластым. Солардың бәрі маған ашық айтқанда үлкен мектеп болды. Сол себепті менің шығармаларым деректі шығармалар»[1;97] деп өзі әскери әдебиетке бет бұруына негіз болған нәрсені және шығармалары не себепті реалистік бағытта жазылғандығын тап басып айтқан. Оның бұл сөзіне туындылары арқылы да қанықпыз: «Офицердің күнделігі» (1952), «Бір түннің тарихы» (1954), «Москва үшін шайқас» (1958), «Жауынгердің тұлғасы» (1958), «Майдан» (1961), «Майдандағы кездесулер» (1962), «Генерал Панфилов» (1963), «Төлеген Токтаров» (1965), «Куба әскерлері» (1965), «Ел басына күн туса» (1970), «Қанмен жазылған кітап» (1991), «Адам қайраты» (1981) т.б.

Біз «Москва үшін шайқас» шығармасындағы әскери терминдердің семантикалық ерекшелігін, олардың қолданысын сөз етпекпіз.

Алдымен, «*әскер*» сөзіне анықтама берсек, «әскер» - этимологиялық сөздікте мемлекеттің Қарулы күші, армия; *әскербасы* – қарулы күштердің қолбасшысы; *атты әскер* – ат үстінде ұрыс салатын әскер бөлімі, ал *жаяу әскер* – Қарулы күштердің саппен қимыл жасайтын негізгі бөлімі деп көрсетілген [2:66].

Сонымен, *әскер дегеніміз* – мемлекеттің сыртқы жаулардан қорғанатын негізгі қарулы сабы. Олардың да өзіндік сөйлеу мәнері, сөздік қоры және түрлі салаларына байланысты терминдері болатыны сөзсіз. Бұлардың бәрін жалпы алғанда «*әскери лексика*» деп атайды.



Әскери істі басқарушылар және әскери қызметшілер жүйесіне сай қалыптасқан өзіндік әскери атақтар да бар. *«Қысылтаяң жағдайда мына сұрапыл соғыста ұзақ уақыт көріспей жүріп, кездескен шақта генералдың қуанышты, әкелік сүйіспеншілігі, менің тамырымды иіткендей елжіретті»* [3;9]. Бұл үзіндідегі *генерал* сөзі әскери атақ, шен. Біз қарастырған түсіндірмелі сөздіктерде генерал сөзін емес, генералиссимус сөзін кезіктірдік, ол – (лат. *generalissimus* – ең басты) кейбір мемлекеттердің қарулы күштеріндегі жоғары әскери атақ. [4;100] Тұңғыш осы шен Францияда 1569 жылы герцог Анжуйскийге, Россияда – 1695 ж. воевода А.С. Шейнге, 1727 ж.А.Д.Меншиковқа, 1740 ж. Антон У. Брауншвейгскийге, 1799 ж. А.В.Суворовқа, 1945ж. И.В.Сталинге берілген. [5;40]. Иссимус біздің ойымызша, латынша *ең, өте* деген мағынаны береді, ал біз келтірген үзіндіде генерал атағы – басты деген семантикалық мәнде тұр.

«Жолдас, аға лейтенант, батальонға өзіңіз қолқалай сұранып бардыңыз. Мен сізді өз тілегіңіз бойынша тағайындадым. Батальон басқару оңай іс емес екенін мен сізге сол кезде ескертіп айтқан болатынымын... Енді батальоның батарея емес екендігіне көзіңіз жеткен болар, жолдас аға лейтенант. Батальонда сіздің «нол-нолмен «солға таман, оңға таман ноль-ноліңізден», соңынан бәрін бастырмалата ат» емес. Батальон басқару үшін тактика, тактика керек. Әдіс қолданып, соғысу керек екенін кезінде сізге ескерткем. Соғыс ойыншық емес, шырағым... Мен сізге сеніп жүруші едім, сөйтсем қолыңнан іс болбыр командирлердің бірі екенсіз ғой, ал сіз болсаңыз біздің ісімізге көп кесір кедергі келтірдіңіз. Әскери саптан түгел бір батальонды алып кетіп, ешкіммен жөнді байланыса алмастан, жау сыртында салақтап қалып қойып, партизан болғыңыз келді ме? Жоқ, жолдас аға лейтенант, менің дивизиям партизан отряды емес, салалалы, арналы армияның дивизиясы. Сіз сияқты кез-келген аға лейтенант дивизиядан бір-бір батальонды бет алды сурырып алып кете берсе не болмақпыз? Мен партизан отрядының командирі емеспін. Мен тұрақты дивизия командирімін. Менің әскери жоспар-жобама әркімнің кесір келтіруіне жол бере алмаймын... Сіз сияқты пайдасынан зияны мол батальон командирінің керегі жоқ... Кездескен кезде генерал маған осылай айтып айыптар деп ойлаушы едім» [3;10].

Жоғарыдағы үзіндіден көптеген әскери атақтар мен әскери бөлімшелердің атауларын кездестіруге болады. Соларға тоқталып мағынасын ашсақ, батальон, батарея, дивизия және партизан отряды сөздері терминдік сөз болғандықтан сол күйінде қалдырылады. Бұл сөздерге қазіргі таңдағы сөздіктерде мынадай анықтама берілген: «Батальон – құрлықтағы әуе-десант, теңіз жаяу әскерлері құрамаларының негізгі тактикалық бөлімшесі, ал батарея - әскери іс-қимылға қарай бірнеше түрде құралады. Әдетте ол 2-3 взводтан, 2-8 зеңбіректен құралатын бөлімше» [5;30] «Дивизия (лат.*divisio* – бөлу, бөліну) – көптеген мемлекеттердің қарулы күштері түрлерінің негізгі тактикалық бірлестігі, ал партизан - қарсылас басып алған аумақтағы басқыншыларға қарсы күрес жүргізетін және жергілікті халықтың



колдауына сүйенетін халық еріктілері» [4;122,260]. Осы терминдер өзінің мағынасын сол кезден-ақ жоғалтпаған.



Қай салада болмасын, өзінің қарамағында бағыныштылары бар адамды біз «бастық», «басшы» деп айтамыз. Ал әскери саланың басқа саладан ерекшелігі – басқаратын адамды «командир» деп атауында. Командир сөзіне анықтама берейік. «Командир - әскери бөлімнің бастығы» /6;398/ «Командир – начальник воинской части, подразделения или военного судна» /7;366/.

Сонымен, командир – әскери шен, қарамағындағыларды әскери тәртіпке бағындыра отырып тәрбиелейтін адам деген түйінге келеміз.

Үзіндідегі тактика сөзіне көңіл бөлсек, *тактика* – барлық әскер түрлерінің және қарулы күштер түрлерінің бөлімшелері, бөлімдері мен құрамаларының ұрысқа дайындығы мен оны жүргізудің теориясы және практикасы. [4;418] Шығармада генералдың *«Батальон басқару үшін тактика, тактика керек»* дегені кез-келген әскери бөлімшені басқару үшін білім мен тәжірибе қажет екенін көрсетеді.

«Армия камондованиесінің күш қорын Кургановтың полкіне тапкіге қарсы тұратын артиллерия дивизионы келіп қосылады. Сонымен генерал Панфилов өз артиллерия командирі подполковник Марковты ертіп, артиллеристтердің күшін Капоровтың полкінен байланыстырып, соғыс әрекеттерін бір жүйеге салу үшін сол аймаққа барады. Соғыс жобасы бойынша Волоколамск аймағына мықты бекініс дайындау мақсатымен осы жерде жаумен көбірек соғысып, уақыты ұту керек еді» Бұдан аңғаратынымыз, қалай да жауды тойтаруға арналған алдынала жоспар, соғыс әдісі. Келтірілген үзіндідегі армия сөзін естімеген адам кемде-кем шығар. Дегенмен, анықтама беріп кетуді жөн көрдік: «Армия – әскери іс-қимыл үшін бір немесе бірнеше әскери құраманы, әскер түрлерін біріктіру» [4;30] Армия құрамындағы артиллериялық топ, дивизион деген терминдер сол қалпында қолданылады. Сөздікте: «Артиллериялық топ – ұрыс кезінде жалпы әскери бөлімдердің мүддесіндегі міндеттерді орындау үшін бөлінген және жалпы басқару арқылы біріккен құрамалар» және «дивизион (франц. division – бөліну, бөлімше) – ракеталық әскер мен артиллериялық және қазіргі заманғы армияның негізгі атыс және тактикалық бөлімшелері» [4;31,122] деген түсінік аламыз.

Соғыс тарихында талай-талай сенер-сенбес, ойда жоқ нәрселер бола береді. Мысалы шағырмада Бауыржан бастаған рота мен генерал бастаған рота жауды екі бүйірінен кездейсоқ соғысып, ұрыстарын жеңіспен аяқтайтын көрініс бар. *«Сірә, осы кездейсоқ сәтті генерал Панфиловтың тапқан амалы – маневрі деп ойлаған да шығар, - генерал осыны айтып ішек сілесі қата қарқ-қарқ күліп жіберді»* [3;33] Мұндағы *маневр* сөзі терминдік сөз ретінде қолданылады. «Маневр – ұрыс операциясын әзірлеу және жүргізу кезінде күні бұрын алға қойылған мақсаттың өзгеруіне байланысты әскерлерді қайта жылжытып орналастыру, қару-жарақты қарсыластың аса маңызды объектілеріне бағыттап, ұрымтал тұстан қайта нысанаға алу» [4;196].

Жалпы алғанда «әскер» сөзімен бірнеше қарулы күштердің атаулары жасалған: құрлықтағы әскер, әскери әуе күштері, теңіз әскери





күштері. Шығармадағы әскери әуе күштері туралы үзіндіге тоқталып өтсек. *«Алыстан самолеттер сарыны естіледі. Теріскей жақтан қатарын тізген тырнадай аспанда бомбардировщиктер көрінеді. Олардың үстінде ала қаршығадай зымырап истребительдер ұшып жүр. Бәрінің бет аласы Волоколамск... Мұндағы әуе саласының терминдері бомбардировщик – бомбалаушы ұшақ – жер үстіндегі, судағы дұшпан объектілеріне бомба тастауға арналған ұшақ, [5;33] истребитель – жойғыш ұшақ деп аударылып қарсыластың әуедегі басқарылатын және басқарылмайтын ұшқыш аппараттарын жоюға арналған ұшақ. [4;168] Ұшақтардың сөздіктегі анықтамасы мен шығармадағы сипаттамасы сәйкес келіп отыр. Демек, бұл ұшақтар осы күнге дейін өзінің қолданыс аясын жоймаған.*

Бомбардировщиктердің соңынан іле жер бауырлап қалбалақтай ұшып (орысша – бреющий полет), оқ жаудырып, майда бомбалар тастап штурмовиктердің бірнеше топтары бірінің соңынан бірі үшеулеп алтаулап, тоғыздан қатарланып зуылдап өтіп жатты. [3;64] Шығармадағы жер бауырлап ұшу – бреющий полет деген қолданысы қазіргі таңда да өзінің мағынасын сақтап келеді.. Сөздікте: «Жер бауырлап ұшу – ұшақтың нысанаға жасырын шығу мақсатында жер үстінде немесе су үстінде 5-50м биіктікте ұшуы» [4;62] деп көрсетілген. Үзіндіде суреттелген ұшақ қимылы мен сөздіктегі мағынасы бір деп айта аламыз. Ал штурмовик сөзі қарастырып отырған сөздігімізде дәл аудармасы болмағанымен, штурм түбірі берілген, яғни ол баса-көктей шабуыл жасау[5;80] деген мағынасы бар. Демек, штурмовик – батыл шабуыл жасауға арналған ұшақ түрі. Қазіргіде штурмовикті шабуылдаушы ұшақ деген аудармасы қолданыста жүр.

«Мен шынында снайпермін. Жас кезімде снайперлік өнерін үйрететін топта алты айдай оқыған болатынмын. Кейінде көп жылдар машықтанғанмын. Айтайын дегенім ол емес еді. Менің снайперлігім дұшпанмен табан тіресе айқасқан жауынгерлердің қырағы көздеріне қарағанда түкке де тұрмайды.»[3;84] Снайпер сөзі мерген деп аударылып, Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде: «мерген – атқан оғы мүлт кетпейтін, көздеген жеріне тигізетін, дәл атқыш» деген анықтама берілген. (Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. А.:Дайк-Пресс, 2008ж)

Лейтенант Угрюмов пен политрук Георгиев траншеяның қабырғасына сүйеніп қатар тұр. [3;117] Траншея сөзінің қазақ тіліндегі аудармасы ор, шұңқыр, яғни бір жағында немесе екі жағында топырақ қалқаны бар, ені тар, ұзынша келген шұңқыр. [4;435]

«- Қараңдаршы, жолдастар, қараңдаршы, - деп айқайлайды Ключков, - жау біздің артиллеристтерге барын төгіп, шүйіле төнді. Ол біздің артиллерияны аяусыз таптап, өз танктеріне жол ашап, - осыны айтып ол аспанға көтеріле ербеңдей,аударылып, тоңкеріліп, жатқан зеңбірек доңселектерін, үлкен-үлкен фугастық бомбаның керемет шарпынан тас-талқан болып, жан-жаққа ұшқан бақылау пунктінің бөренелерін көріп, зығырданы қайнап, өзіне-өзі сөйлегендей: «М-да-а-а! Сұм жау есіріп, лепіріп тұр екен, әй лагнатар-ай!» - дейді. [3;121] Фугасты авиациялық бомба (лат. focus – ошақ, от) күшті қопарғыш





зарядтисатмағы 50 кг-нан 10 т-ға дейін жететін, кейде оданда ауыр авиациялық бомба. [4;449]

Екінші дүниежүзілік соғыс туралы әңгіме қозғалса, «Катюша» әнін білмейтін адам кемде-кем шығар. Ал «Катюша» деп қару-жаракты атап қойғанын біреу білсе, біреу білмес. «Катюша» деген реактив снаряды, жаңа миномет «РС». Неге екенін білмеймін, оған «Катюша» деп ат қойынты [3;130] деген сөйлемді шығармадан кезіктіруге болады. Снаряд – зенбіректің оғы, ол жарылып әрекет етеді. Миномет – темір табаққа орнатылған қуатты қару, ашық жердегі, қыр астындағы жауды жайрата алады. [5;58,73]

Командование тус ауа авиация мен артиллерияның күшін топтастырып, дивизияның қорғаныс алқабындағы жаудың екпінін басыпты. Біздің авиация мен алыстан ататын артиллерия жаудың резервін шабуылдап ойран салыпты. [3;140] Резерв (латынша – қорғау, сақтау)қазақ тілінде қор сөзіне сәйкес келеді, әскерлердің жаңа топтастықтарын құруға және нақты топтастықтарын күшейтуге, ұрыс барысында қайтадан туындаған тапсырмаларды орындауға арналған адамдар тобы. [4;388]

Әр әскери қауымның өзіне жарасарлық аттары бар. Өздерінің мамандық намыстары бар. Жаяу әскерде «мұншама найзамыз бар» деп айтады, ал жаңағы атты әскердің капитаны жаяу қалғанына қарамастан, адамды қылыш санымен есептейді. Ол басына түскен жаяулыққа көнер емес. Өз тобын ол рота деп атауға аузы үйренбеген. Олар жаяу да болса, капитан үшін – эскадрон. [3;256] Эскадрон терминдік сөз ретінде сол қалпында қолданылады. Сөздікте: «эскадрон жаяу әскердің бір ротасына парапар, атты әскер полкінің бөлімшесі» деген түсініктеме берілген.

Біз – ата-бабаларымыз батыр болған халықпыз. Осынша бірнеше Франция сиятын жерді жаудан сақтап қалу батыр бабаларымызға оңайлыққа түспегені тарихтан белгілі. Олай болса, әскери термин жағынан да құр алақан емеспіз. Оның бір көрінісі Б.Момышұлы шығармаларындағы әскери терминдік сөздер мен сөз тіркестері. Олардың бір тобы әскери термин ретінде тілімізде аударылмай жұмсалса, бірсыпырасының аударылып, әскери лексикамызға қосылғанын аңғарамыз.

Биыл ел, халық болып Б.Момышұлының 100 жылдығын атап өткелі жатырмыз. Осы тұста күнделікті әскери тіршілік жағдайында іскерлік, тапқырлық машығын қалыптастыру, әскери бұйрықтар мен жарлықтарды қалтқысыз орындау үшін батыр-жазушымыздың шығармаларындағы әскери терминдердің қолданысын зерттеу оларды оқу сабақтарына енгізу кезек күттірмейтін өзекті мәселе деп санаймыз.

Әдебиеттер:

1. Бауыржан Момышұлы: өлеңдер, нақылдар, ой-өрнектер, әскери-патриоттық тәрбие туралы. Ақтөбе, 2000 ж.
2. А.Ысқақов, Р.Сыздықова, Ш.Сарыбаев. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы: 1966 ж.





3. Б.Момышұлы. Москва үшін шайқас. Алматы, Қазмемкөркемәдеббас, 1964 ж.
4. Әскери терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. Алматы: «Білім», 2002 ж.
5. Қысқаша орысша-қазақша әскери сөздік – Алматы: Центральная типография Министерства обороны Республики Казахстана, 1995 г.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Құраст.Т.Жанұзақов. Алматы: Дайк-Пресс, 2008 ж.
7. Ожегов С.И. Словарь русского языка. Москва, 2003 г.

РЕЗЮМЕ

В статье речь идет о военной терминологии. Точнее использование военной терминологии в произведении Б.Момышұлы «За нами Москва». Раскрываются их семантические особенности с помощью военного толкового словаря.

RESUME

This article is about the military terminology. The article describes the use of terminology in such works of literature as “We have Moscow behind us” by Momysh Uly. It shows its semantic features with the military thesaurus.





ҚОНАҚБАЕВА А.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИНДУСТРИАЛДЫ- ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Әлемдік жаһандану жағдайында Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуын қамтамасыз ету – нарықтық экономиканың талабы. Қазіргі экономикада сапалы жетістіктерге қол жеткізудің негізі буыны ретінде елдің индустриалды-инновациялық бағытын атап көрсетуге болады. Республиканың индустриалды-инновациялық өсуін ынталандырудағы басты мақсат – экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ете отырып, орнықты даму үшін жаңа индустриаландыру жолдарын іздестіру.

Қазақстандағы инновациялық және инвестициялық климаттың бүгінгі жағдайы тұрақты деңгейде болғанымен, ел Үкіметі бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында ғылыми-техникалық және инновациялық жобалардың тиімділігін одан әрі жетілдіре отырып, осы салада нақты секторды дамыту тұжырымдамасында айқындалғандай Еуроодақ стандарттарына барынша қол жеткізуді мақсат етуде.

Әлемдегі дамыған жетекші елдердің экономикалық қатынас жүйесінде инновациялық қызмет аса маңызды роль атқарады. Ел экономикасында инновациялық процесс ролінің өсуі, бүкіл өндірістік циклдің және шаруашылық жүйенің деңгейінің өсуіне әсер етеді. Бұл инновацияның зерттелмеген жаңа нарықтағы жаңа салаларға енуіне жол ашады. 2003 жылдың ортасында қазақстандық сарапшылар республиканың индустриалды-инновациялық әлеуетін жеткілікті деңгейде емес екендігін атап өтті.

Дегенмен де өткен жылдары республикада нарықтық қатынастарды жүйелі түрде реттеуге бағытталған іс-шаралардың негізінде, өнеркәсіптің құлдырауының алдын алу мақсаттары белгілі бір деңгейде орындалды. Бүгінгі таңда Қазақстан үшін басты мақсат – экономикалық өсуді қамтамасыз ету және сапалы даму сатысын құру. Сондықтан да еліміздің инновациялық даму мәселелері өте өзекті және стратегиялық мәнге ие екендігі айғақ.

Инновациялық қызметтің табысты болуы оны ұйымдастырудың нысандары мен қаржыландыру механизмдеріне қарай айқындалады. Қазіргі кезде елдің өркендеуі мен инновациялық дамуы ғылыми-техникалық прогрестің нәтижелері мен жетістіктеріне тәуелді екендігі белгілі.

Мемлекет индустриалды-инновациялық қызметті міндетті түрде ынталандырып отыруы қажет, себебі қазақстандық кәсіпкерлер қарқынды инновациялық даму сатысының шегіне жеткен жоқ, сол



себепті екінші деңгейлі банктер де көп жағдайда инновациялық жобаларды инвестициялау барысында талаптар қояды қажет етеді. Яғни, бұл жобалардың орындалуы үшін капитал салудың өзі де бірнеше жылға созылуы мүмкін деген сөз. Осы мәселелерді реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының индустрия және сауда министрі жанынан инновация және инновациялық жобаларды тандап, олардың ұсынысын қарап шығуға арналған арнайы топ құрылды. Аталған органның мақсаттарының бірі – аймақтық инновациялық ұсыныстарды алдын ала тандау және сәйкес институттарға қарай бағыттау.

2003 жылдың 17 мамырында ҚР Президенті Жарлығымен «2003-2015 жылдарға арналған инновациялы даму стратегиясы» бекітілді. Осы мақсатта республиканың барлық аймақтарында өндірісті жаңа инновациялық қарқынға бағыттауды және оны дамыту шараларының атқарылуы жөнінде жұмыстардың жан-жақты жүргізілуіне байланысты ұсыныстар жасалып, жүзеге асуына байланысты жағдай жасалуда.

Индустриалды-инновациялық стратегияны табысты жүзеге асыру барысында экономикалық құрылым перспективалы бағытқа өзгеретіндігі айқын. Сондықтан да соңғы бірнеше жыл бойы кәсіпкерлер мен ғалымдар, отандық және шетелдік эксперттер Қазақстан экономикасының мәселелерін және бағытын қызу талқылауда. Елдің шикізат байлықтарын көп мөлшерде эксплуатациялауға болмайтындығына байланысты, сондай-ақ еліміздің өндіріс мәселелеріне қатысты жаңа инновациялы деңгейге көшу қажет деп ұсыныс жасауда. Бұл жөнінде Елбасының Жезқазған қаласындағы отандық және шетелдік кәсіпкерлермен кездесу барысында Президенттің баса назар аударып, өндірісті дамыту жөнінде келелі мәселелерді шешуге байланысты кәсіпкерлерді жұмылдыру жөніндегі жасалған пікірлері, бұл мәселеге деген немқұрайлықты жою жөніндегі талабы деп түсінуіміз қажет.

2015 жылға дейін индустриалды-инновациялық даму стратегиясын бекіту үшін экономиканы әртараптандыру қажет болды. Осы мақсатта аймақтың индустриалды-инновациялық дамуын қарастырсақ, тек қана Ақтөбе облысы бойынша 2008 жылдың I тоқсанында өнеркәсіп өнім өндірісінің көлемі 132,5 млрд. теңгені құрады, ол өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 57,4 млрд. теңгеге көп. Нақты көлем индексі – 105,0% құрады.

Кен өндіру өнеркәсібінде өндіріс көлемі 46,6 млрд. теңгеге ұлғайды және 100,6 млрд. теңгені құрады. Мұнай, газ, мыс концентраты, хром рудалары және т.б. өндіру көлемдері ұлғайды.

Электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу 1,3 есеге ұлғайды және 7,3 млрд. теңгені құрады. Соның ішінде электр қуаты бойынша 1,6 есеге, жылу қуаты - 19,5% өсу қамтамасыз етілді.

Өңдеу өнеркәсібінде өткен жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда өнім 8,5 млрд. теңгеге көп өндірілді (24,6 млрд. теңге). Хром тұздары, феррохромат, биохромат натрийі өндірісінің өсуі қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, мұнай өнімдері, құрылыс материалдары, тамақ, қағаз-целлюлоза, тоқыма және тігін өнеркәсібі өндірісінің көлемі төмендеді. Бұл құрылыс индустриясындағы болып жатқан үрдістермен,





ішкі және сыртқы нарықтардағы сұраныстың төмендеуімен байланысты. Бұл өңдеу саласының нақты көлем индексінің 2007 жылғы сәйкес кезеңнен 3,9% төмендеуіне себеп болды. Бұл көрсеткіштердің кейбір салаларының кері өзгерістерге ұшырауы, бүкіл әлемдік қаржы дағдарысына қатысты екендігін байқауға болады. Дегенмен еліміздің дағдарысқа қарсы бағдарлама қабылдауының негізінде әр түрлі шаралар атқарылуда. Бұл өз кезегінде тиісті нәтижесін беретіндігі күмән туғызбайды деп есептеуге болады.

Әдебиеттер:

1. ҚР экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің «ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008 жылғы қорытындылары». Астана қаласы, қаңтар 2009 жыл.
2. «2003-2015 жылдарға арналған инновациялы даму стратегиясы» // 17.05.2003 жыл.

РЕЗИЮМЕ

Статья посвящена теме индустриально-инновационного развития в Республике Казахстан. Вместе с возрастанием роли инновационного процесса в экономике страны возрастает и уровень производственного цикла и промышленной системы. Это ведет к внедрению новых отраслей, еще не изученных инновацией.

RESUME

The article is about industrial and innovative development in the Republic of Kazakhstan. As the importance of the innovative processes in the country's economy grows, the level of industrial cycle and system grows. It leads to inculcation of new branches, not studied by innovation yet.



ЦЕНООБРАЗОВАНИЕ НА НЕФТЯНОМ РЫНКЕ

Рыночные силы – предложение, спрос и цена – никогда не стоят на месте. Они постоянно взаимодействуют и находятся под влиянием друг друга. Более того, они никогда не бывают свободны от влияния извне. Предложение, спрос и цена никогда не меняются беспричинно. Для этого всегда находится объяснение: война, которая останавливает добычу в одной из основных стран экспортёров, необычно холодная зима в ряде важнейших районов потребления, введение налогов на потребление нефтепродуктов, колебания экономической активности.

Кажется, что цены всегда подскакивают, когда происходит прекращение поставок или разносится слух об этом, независимо от состояния рынка. И тогда газеты посылают своих молодых корреспондентов на автозаправочные станции, чтобы спросить у их владельцев, почему нефтяные компании опять «обдирают» потребителей. Подозрения усиливаются ещё больше, когда становится ясно, что никто так и не смог обнаружить пустой нефтепровод или другие столь же неопровержимые свидетельства нехватки.

Цены действительно повышаются, когда источники поставок находятся под угрозой, особенно если спрос перед этим имел тенденцию к росту.

В век компьютерных технологий и оперативного распространения информации события, способные повлиять на стабильность поставок, может иметь огромный резонанс. Собственно говоря, для каждого покупателя и продавца на рынке отсутствие или наличие новых товаров взамен проданных может послужить причиной перехода от претворения в жизнь заманчивых перспектив к стратегии коммерческого выживания. Значительные потрясения, порождающие далеко идущие опасения, происходят не каждый день и даже не каждый месяц. Однако когда они всё-таки случаются, цены подскакивают с молниеносной скоростью и остаются на высоком уровне, по крайней мере до тех пор, пока у рынка не появится возможность реально оценить масштаб угрозы восполнимости поставок.

При избытке товара цена остаётся на уровне, едва приемлемом для производителя (в случае с нефтью) или же для переработчиков, оптовых и розничных продавцов (в случае с нефтепродуктами). И вновь причина лежит на поверхности. В нормальных условиях, у кого-то, если не у всех, имеются избыточные мощности. Это условие функционирования рынка. Простаивающие мощности стоят денег; они представляют собой вложенный капитал, не приносящий дохода, к тому же требует технического обслуживания. Производители признают необходимость наличия незадействованных мощностей, но они бы предпочли, чтобы эти мощности содержали конкуренты. То же относится и к нефтепереработчикам.

При обычном избыточном состоянии рынка существует тенденция к снижению цен. В нормальных условиях больше вероятность падения





цен, чем их роста, если только значительно не сократиться избыток мощностей. Сокращение может произойти двумя путями: длительный рост спроса или выведение мощностей из эксплуатации владельцами, попавшими в бедственное положение. Когда, кажется, ничто не угрожает стабильности поставок (а это бывает почти всегда), такие процессы сдерживают цены на всех уровнях.

Хотя словосочетание цена на нефть для нас вполне привычно, такого понятия не существует. Нет единой цены на нефть.

Говоря о жидком топливе, мы можем иметь в виду нефть или нефтепродукты. Обычно нефтепродукты стоят дороже, чем неочищенная нефть, по той же причине, по которой хлеб стоит дороже пшеницы. Переработка увеличивает стоимость.

К тому же сорта нефти сильно различаются по качеству и составу. Так же, как существуют сорта бензина – обычный, среднеоктановый и высокооктановый, – существуют и сорта нефти. Но для нефти число сортов гораздо больше, чем бензина. И рынок должен учитывать все различия.

Основными параметрами качества нефти является плотность и содержание серы. Плотность измеряется в градусах API (American Petroleum Institute – Американский нефтяной институт). Сорта нефти с относительно высоким показателем плотности в градусах API считаются лёгкими, а сорта с низкими показателями – тяжёлыми. Есть также средние или промежуточные показатели.

При прочих разных условиях лёгкие сорта нефти считаются более ценными, чем средние и тяжёлые, потому что в процессе перегонки они дают сравнительно большее количество легких продуктов, таких как бензин и лёгкие дистилляты.

Важным и широко применяемым в экономике термином является цена «нетбэк» - расчётная конкурентная цена. «Нетбэк» это экспортная цена для перерабатывающего её НПЗ, определяемую как разность между средневзвешенной отпускной ценой на получаемые из этой нефти нефтепродукты, с одной стороны, и расходами на её переработку и морскую перевозку до рассматриваемого НПЗ – с другой.

На самом деле ценовая «корзина» ОПЕК, или «опековская» ценовая корзина, включает семь сортов нефти: сахарскую смесь (Алжир), «минас» (Индонезия), лёгкую нефть сорта «бонни» (Нигерия), лёгкую Аравийскую нефть (Саудовская Аравия), дубайскую (ОАЭ), «тия хуана» (Венесуэла) и «истмус» (Мексика). Цена «корзины» определяется как среднеарифметическая цена включённых в неё нефтей.


Цены на «эталонные» сорта в специализированных центрах переработки обычно соответствуют ценам «spot», то есть ценам, которые нефтеперерабатывающие предприятия платят за нефть по разовым сделкам с немедленной поставкой.

Обычно котировками сделок «spot» в центрах переработки являются цены СИФ (от англ. Cargo, insurance, and freight), или «стоимость, страхование и фрахт». Таким образом, цена СИФ – это не

только цена нефти: она также включает в себя транспортные расходы по доставке нефти на рынок.



Схема 1 – Категории цен на нефтяном рынке



На рынке нефтепродуктов также существуют разные категории цен (см. схему 1). Различия в цене отражают разнообразие потенциальных владельцев нефтепродуктов. При купле-продаже бензина действует цена франко НПЗ, которая представляет собой оптовую цену на наливной эстакаде терминала для называемых торговцев нефтепродуктами, отгружаемыми автоцистернами. Это оптовая цена на бензин. Дилеры имеют дело с оптовой ценой франко автоцистерны: эту цену дилер платит поставщику за оптовые поставки бензина автомобильным транспортом. Розничная цена на бензин называется цена франко бензоколонка.

Форвардный рынок «брент» включает в себя торговлю реальными, или «мокрыми, и фиктивными, или «бумажными» (paper), баррелями. Когда речь идёт о рынке реального товара, мы имеем в виду физические отгрузки. Бумажные же сделки - это лишь соглашение на покупку реального товара.

Форвардная торговля подводит нас ещё к одному важному различию в этом сложном мире нефтяных цен – между физическими сделками и фьючерсной торговлей. Фьючерсный контракт – это соглашение на поставку определённого количества нефти (или бензина, или печного топлива) в указанном месте и в указанную дату.



В долгосрочной перспективе цены на сырую нефть помимо баланса спроса и предложения определяются динамикой среднемировой себестоимости добычи. На себестоимость, с одной стороны, влияют темпы инфляции и истощение ресурсной базы (приводит к росту издержек), а с другой – различные технологические усовершенствования (уменьшают издержки). В результате одновременного действия многих факторов уровень цен на нефть зависит от своей траектории, а “правильный” уровень цен на нефть определен только в среднесрочной перспективе и может меняться как под действием шоков, так и долгосрочных тенденций. [1]

Таким образом, анализ теоретической литературы позволил нам сделать следующие выводы:

- невозможно точно ответить на вопрос кто именно устанавливает цены на нефть. Очень много сил действуют на рынок нефти, из-за которых можно точно сказать лишь одно, что понятие «цена на нефть» имеет много значений.
- несмотря на то, что рынок нефти и нефтепродуктов является очень прибыльным, есть риски потерь в связи с резкими скачками цен, по выше перечисленным причинам.
- рассмотрев схему, можно понять, что цена нефти значительно меньше, чем нефтепродуктов на бензоколонках. Так, нефть, пройдя свой длинный путь (в территориальном и перекупочном плане) с НПЗ на бензоколонку, дорожает, включая в свою стоимость транспортные расходы, моржу перекупщика и т.д.

Литература:

1. Боб Типпи. А есть ли дефицит? Азбука нефтяной экономики. – Москва: Олимп Бизнес, 2005 г стр 71-98

ТҮЙІН

Мақалада мұнай нарығындағы бағаның қалыптасуы жайында айтылған. Баға мен сұраныс әрқашан да бір-біріне әсер етеді. Теориялық әдебиеттерді талдасақ, мұнай бағасын нақты бір субъект бекітпейді; мұнай нарығы тиімді іс болса да, әрқашан да шығындарға ұшырау қаупі бар; мұнайдың өзінің бағасы бензин сияқты мұнай өнімдерінен гөрі әлдеқайда арзанырақ.

RESUME

The article tells about price of oil. Price and demand always influence on each other. Analyzing the theoretical literature, the oil price is not fixed by any concrete subject; Though the oil market is considered to be profitable, there is always risk to incurr losses; Oil itself costs much less than oil products such as petrol.





ОСВОЕНИЕ ЗАПАДНЫХ РЕГИОНОВ КНР И ВОЗМОЖНОЕ ВЛИЯНИЕ ДАННЫХ ПРОЦЕССОВ НА КАЗАХСТАН

